

ЖЕҢІС КҮНІ МАХАМБЕТ ЖАСТАРЫ ЕРАІК ПЕН БАТЫРЛЫҚҚА ТАҒЫМ ЕТТІ



8-бет

МАНСАПҚА БАСТАР МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ



...3-бет

В ЗКУ ПРОШЛА XVIII РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ОЛИМПИАДА БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ



...5 стр.

Махамбет университетінің ректоры Нұрлан Серғалиев республикалық және халықаралық көлемде түрлі ғылыми, спорттық, шығармашылық байқауларда жеңімпаз атанып жүрген дарынды студенттермен кездесті.



Бұл жолы ресми мінбер емес, ашық әңгіме алаңы құрылды. Әдеттегі баяндамалар мен хаттамалық сөздердің орнына - еркін пікір, шынайы диалог. Бұл жиын түрлі деңгейдегі байқауларда топ жарған, спорт пен білімде биік белестерді бағындырған студенттердің басын қосқан ерекше басқосу болды. Кездесуде Махамбет университетінің басшысы еліміздің болашағы өскелең ұрпақтың қолында екеніне тоқталып,

РЕКТОР ДАРЫНДЫ ЖАСТАРМЕН КЕЗДЕСТІ



университет тарапынан жастарға, олардың идеялары мен ұсыныстарына әрқашан қолдау барын айтты. Еркін форматтағы жүздесу ресми кездесулерден өзгеше өтті. Осы жерде ашық сұрақтар, тікелей жауаптар, еркін атмосфера орын алды. Бұл университет қабырғасындағы тек білім емес, тұлғалық дамуға да мән берілетінін көрсетті. Кездесуде жастар өз жетістіктерімен ғана бөлісіп қоймай, болашаққа қатысты жоспарларын, идеяларын

ашық айтты. Университет басшысы жастардың ел болашағындағы айрықша рөлін атап өтіп, әрбір бастама әрдайым қолдау табатынын жеткізді. Осындай кездесулер Махамбет университетінде дәстүрге айналып келеді. Бұл кездесу - идеялар мен армандарға, әрбір пікірге шынайы назар аударылған еркін диалог болды.

БҚУ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ

Активное долголетие в ЗКУ: настольный теннис в «Серебряном университете»

В Западно-Казахстанском университете имени М. Утемисова в рамках проекта «Серебряный университет» проходят занятия по настольному теннису. Участники не только осваивают технику игры, но и укрепляют здоровье, развивают координацию и поддерживают активный образ жизни.



Занятия проходят в дружелюбной атмосфере, объединяя людей, стремящихся к движению, общению и новым навыкам. «Серебряный университет» — это пространство, где возраст не является ограничением,

а становится возможностью для развития, активности и новых достижений. ЗКУ поддерживает инициативы, направленные на повышение качества жизни и активное долголетие.

Инновация мен идея тоғысқан күн

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті студенттері мен оқытушылары Орал қаласында алғаш рет ұйымдастырылған IT SPEAKERS DAY инновациялар және цифрлық технологиялар фестиваліне белсенді қатысып, өңірдегі IT-қоғамдастық өкілдерімен бірге заманауи технологиялар алаңында бас қосты.



Фестиваль аясында жасанды интеллект, цифрлық технологиялар, IT-кәсіпкерлік, стартап жобалар және болашақ мамандықтар тақырыптары кеңінен талқыланды. Іс-шара өңір жастарының цифрлық сауаттылығын арттыруға, инновациялық ойлау қабілетін дамытуға және IT саласындағы жаңа мүмкіндіктерді таныстыруға бағытталды.

Университет өкілдері фестиваль барысында өздерінің білім беру және инновациялық жобаларын таныстырып, цифрлық технологиялар бағытындағы тәжірибелерімен бөлісті. Сонымен қатар студенттер IT-компаниялар өкілдерімен networking кездесулер өткізіп, менторлық және тағылымдама бағдарламалары жөнінде ақпарат алды.

IT SPEAKERS DAY фестивалі жастарға жаңа идеялар ұсынып, стартап бастамаларды қолдауға, кәсіби байланыс орнатуға және цифрлық болашаққа сенімді қадам жасауға мүмкіндік берген маңызды алаңға айналды.

БҚУ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ

МАНСАПҚА БАСТАР МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ

Бүгінде еңбек нарығында бәсекелестік күшейіп, жас маманға жұмыс табу бұрынғыдан да жауапты міндетке айналды. Әсіресе тәжірибесі жоқ түлектер үшін алғашқы жұмыс орнын табу оңай емес. Дегенмен қазіргі таңда жастарға қолдау көрсететін түрлі алаңдар көбейіп келеді. Соның бірі - бос жұмыс орындары жәрмеңкелері. Осындай маңызды шаралардың бірі М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде ұйымдастырылды.



«Ашық есік айлығы» аясында өткен «Мансап күні» бос жұмыс орындары жәрмеңкесіне 80-ге жуық жұмыс беруші мен жүздеген студент қатысты. Шара барысында түлектер өз түйіндемелерін ұсынып, алғашқы кәсіби сұхбаттардан өтті. Кейбір студенттер тәжірибеден өтуге және жұмысқа орналасуға қатысты нақты ұсыныстар алды. М.Өтемісов атындағы БҚУ академиялық мәселелер бойынша басқарма мүшесі, проректор Гүлжахан Кайсағалиеваның айтуынша, мұндай кездесулер студенттердің еңбек нарығына бейімделуіне үлкен мүмкіндік береді.

Студенттік өмірдің соңғы кезеңі - үлкен өмірге бастар жауапты белес. Диплом алар уақыт жақындаған сайын жастарды «Қайда жұмысқа орналасамын?», «Мамандығым бойынша өз орнымды таба аламын ба?» деген сауалдар толғандыратыны анық. «Мансап күні» дәл осындай сұрақтарға жауап іздеген жастар үшін маңызды мүмкіндік алаңына айналды. Солардың бірі - 4-курс студенті Төлеген Исламбек. Жақын арада диплом алып, жаңа өмірге қадам басқалы отырған студент бүгін өз түйіндемесін алғаш рет нақты жұмыс берушілерге ұсынып жүр. Болашақ маман аздап қобалжығанымен,

кәсіби жолына сеніммен қарайды.

Қазіргі еңбек нарығында тек дипломның болуы жеткіліксіз. Бүгінде жұмыс берушілер бастамашыл, өзгермелі ортаға тез бейімделетін және кәсіби тұрғыда үздіксіз дамуға ұмтылатын жастарға басымдық береді. Осы орайда Махамбет университеті студенттерге сапалы білім берумен қатар, олардың кәсіби құзыреттерін жетілдіруге және еңбек нарығына бейімделуіне ерекше назар аударып келеді. Бұл бағыттағы жүйелі жұмыстың нәтижесі де байқалады. Бүгінде Махамбет университеті түлектерінің жұмыспен қамтылу деңгейі 83 пайызды құрайды. Бұл көрсеткіш оқу орнының заманауи талаптарға сай бәсекеге қабілетті маман даярлаудағы тиімді жұмысының айқын дәлелі. Жәрмеңке барысында студенттер жұмыс берушілермен тікелей байланысып, тәжірибеден өту, тағылымдамадан өту және жұмысқа орналасу мүмкіндіктері жөнінде кеңес алды. Мұндай шаралар жастардың кәсіби бағыт-бағдарын айқындап қана қоймай, олардың болашаққа сеніммен қадам басуына жол ашады.

БҚУ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ

Отбасы құндылығы - ұлт тәрбиесінің негізі

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде Отбасы күніне орай «Жастар және отбасылық құндылықтар» тақырыбында тағылымды кездесу ұйымдастырылды. Шараның негізгі мақсаты - жастар арасында отбасы институтының маңызын насихаттау, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және саналы ұрпақ тәрбиесі туралы ой бөлісу болды.

Кездесуге ардагер ұстаз, ҚР білім беру ісінің үздігі, облыстық Аналар кеңесінің мүшесі Тамара Нәбиқызы Сейтақова мен ақын, журналист, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі Әділет Әлібекұлы Орынбасаров қатысты.

Шара барысында Тамара Нәбиқызы «Саналы ұрпақ тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі» тақырыбында баяндама жасап, отбасының бала тәрбиесіндегі орны ерекше екенін атап өтті. Ол жас ұрпақтың бойына адамгершілік, жауапкершілік, сыйластық секілді қасиеттерді қалыптастыруда ата-ананың тәлімі мен тәрбиесінің маңызы зор екенін жеткізді.

Ал Әділет Әлібекұлы «Отбасы құқығы - Конституция қорғауында» тақырыбында сөз сөйлеп, отбасы - қоғамның

басты тірегі әрі мемлекеттің тұрақтылығының негізі екенін айтты. Сонымен қатар ол ұлттық құндылықтарды сақтау мен отбасылық тәрбиенің қоғам дамуындағы рөліне тоқталды.

Кездесу барысында студенттер мен қонақтар ұрпақтар сабақтастығы, ұлттық дәстүрлер, отбасындағы тәрбие мәдениеті және жастардың отбасылық өмірге дайындығы туралы пікір алмасты. Еркін форматта өткен жиында қатысушылар көкейлеріндегі сауалдарын қойып, мазмұнды жауаптар алды. Мұндай тәрбиелік мәні зор кездесулер жастардың рухани дүниесін байытып қана қоймай, отбасы құндылықтарын құрметтеуге, ұлттық тәрбиені дәріптеуге және жауапты қоғам мүшесін қалыптастыруға ықпал етеді.

Махамбет университеті халықаралық брейнсторминг-сессияда

Жақында Астана қаласында Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі мен Дүниежүзілік банк бірлесіп ұйымдастырған халықаралық брейнсторминг-сессия өтті. Ауқымды жиын Бірлескен экономикалық зерттеулер бағдарламасы (БЭЗБ) аясында өткізілуде. Стратегиялық кездесуге еліміздің жетекші жоғары оқу орындары, ғылыми қауымдастық өкілдері мен халықаралық сарапшылар қатысуда. Олардың қатарында Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің делегациясы да бар.



Сессия барысында академиялық және зерттеу кешбасшылығы орталықтарын дамыту, ғылыми жобаларды коммерцияландыру, индустриямен еріптестікті кеңейту, жоғары оқу орындарының институционалдық автономиясын нығайту, сондай-ақ университеттердің ғылыми-зерттеу әлеуеті мен халықаралық бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселелері талқылануда. Бүгінде жоғары білім беру жүйесіндегі басты міндеттердің бірі — ғылым мен өндіріс арасындағы байланысты күшейту. Осы бағыттағы халықаралық тәжірибе мен тиімді модельдерді талқылауға арналған алаң университеттер үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Махамбет университетінің мұндай маңызды халықаралық деңгейдегі диалог алаңдарына қатысуы — білім мен ғылымды ұштастыруға, инновациялық бастамаларды қолдауға және заманауи жоғары білім беру моделін қалыптастыруға бағытталған жүйелі жұмыстың көрінісі.

Сонымен қатар сессия аясында жоғары оқу орындарының жаһандық білім кеңістігіндегі орны, ғылыми зерттеулердің сапасын арттыру және халықаралық ынтымақтастықты дамыту тетіктері де кеңінен қарастырылуда.

БҚУ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ



Химия пәнін оқыту үдерісінде жасанды интеллект технологияларын интеграциялау және цифрлық трансформацияның мүмкіндіктері

Оқу үдерісін цифрландыру - бүгінгі білім берудегі жаңа негізгі бағыт. Ақпараттық технологияларды оқу үдерісінде қолдану қазіргі біртұтас білім беру процесінің ажырама бөлігі болып табылады және оның тиімділігін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік береді. Химиядағы сандық білім берудің негізгі аспектілерінің бірі-сапалы электрондық ресурстарды құру. Бұл ресурстарға интерактивті оқулықтар, бейне дәрістер, онлайн зертханалар, виртуалды эксперименттер, 3D нысандар, слайдтар, веб-тапсырмалар, тесттар жасау және т.б. кіреді. Осы орайда білім беру үдерісінде жасанды интеллект қолдану өзекті мәселе. Жасанды интеллект оқыту мен оқуды жақсарту үшін қолданылуы мүмкін және ол мұғалімдерге оқушылар үшін жекелендірілген оқу тәжірибесін жасауға көмектеседі.

Химия оқу үдерісінде ChatGPT, Чат Bing, Magic School, D-ID жасанды интеллект және нейро желі

формасындағы сабақты секундтарда жасау» құралын ұсынатын жасанды интеллект қолданбасы. Бұл құрал мұғалімдерге олардың сынып деңгейіне және тақырыбына сәйкес зерттеуге негізделген сабақтарды жылдам жасауға мүмкіндік береді.

Zipgrade - тест тапсырмаларын тексеру құралы. Бірнеше таңдауды таңдау тесттерін бірнеше минут ішінде бағалауға көмектесетін бағалау қосымшасы. Смартфонмен сынақтарды жай сканерлеңіз, қалғанын қолданба жасайды.

Joyteka, Liveworksheets, Educaplay, Media.io, Whimsical - интерактивті тапсырмалар құру құралы. Мұғалім үшін қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын құруға, веб-квест, веб-тест форматында жұмыстар дайындауға арналған бағдарламалар.

Hilink, MagicSchool.ai, Learn.Genetics - сабақ жоспа-



бағдарламаларын қолдану сабақты оңтайлы құрастыруға, уақытты үнемдеуге және қызықты өткізуге мүмкіндік береді. Жаратылыстану-география факультетінің әдістемелік айлықтың бағдарламасына сәйкес облыстық дарынды балаларға арналған ақпараттық технологиялар мектеп-лицей интернатының педагогы, химия пәнінің мұғалімі Р.К.Қоныспай «Химия пәнін оқыту үдерісінде жасанды интеллект технологияларын интеграциялау және цифрлық трансформацияның мүмкіндіктері» атты мастер-класс өткізді. Бұл шараға қатысқан 6B01534 «Химия ІР», 6B01508 «Химия-Биология» БББ 2 курс студенттері заманауи цифрлық құралдарды тиімді қолдану жолдарымен, сонымен қатар төменде келтірілген жаңа платформалармен танысты.

Merge Cube бағдарламасы.

Куб формасындағы интерактивті құрал STEAM білім беруде жаңа дағдылар меңгеруге мүмкіндік береді. Merge Cube сервисін қолданғанда шынайы голограмма жасау арқылы қолымызда әртүрлі цифрлық объектінің 3D моделін көруге болады, көп сенсорлы оқытуды қамтамасыз етеді. Оқушылардың есте сақтау қабілетін дамытуға тиімді оқу үшін визуалды, есту, кинестетикалық және тактильді сезімдерді қолдана отырып, сандық мазмұнмен табиғи және интуитивті түрде жұмыс істей алады.

Сиріпод - интерактивті материалдар жасаушы.

Сабақты жоспарлау процесін жеңілдететін «Ойын

рын жасау генераторы. Жасанды интеллект арқылы сабақ, тест, тапсырма құруға мүмкіндік беретін тиімді бағдарламалар.

Canva, Emaze, Prezi - көптеген дизайнға ие 3D презентация жасаушы.

Үшөлшемді, виртуальды, анимациялық слайдтар жасауға арналған бағдарламалар.

Көрсетілген сандық білім беру ресурстарын пайдалану арқылы мұғалімнің дәстүрлі оқыту әдістерін заманауи ақпараттық технологиялармен үйлестіруге, оқу үдерісін тиімді ұйымдастыруға жағдай жасалынады. Мұғалімнің сабақта цифрлық білім беру ресурстарын қолдану әдістемесі оқу пәнін оқу кезінде өзіне қоятын нақты педагогикалық міндеттермен анықталады. Қорыта келгенде, дамып келе жатқан білім беру саласында жасанды интеллект пен цифрлық трансформацияның тоғысуы мұғалімдер мен білім алушылардың рөлдерін өзгерте отырып, жаңа мүмкіндіктер дәуірін бастайды. Сабақты цифрлық трансформациялау мүмкіндіктерін әрбір мұғалім ұтымды әрі тиімді пайдалана білсе, білім сапасы қажетті деңгейге артып, оң нәтижесін көрсететіні анық.

Г.Ж. СДИКОВА, А.Г. АБДРАХМАНОВА,

Биология, химия ғылымдары және қоршаған орта БББ аға оқытушылары, сараптама комиссиясының мүшелері

MY UNFORGETTABLE TRIP TO POLAND

I am a third-year student majoring in «Foreign Languages: Two Foreign Languages». In the second semester of my second year, I applied for a grant for an academic mobility program, and fortunately, I won. I wanted to experience the educational system of another country, broaden my horizons, and gain life experience abroad — and my dream came true!

In October, I arrived in Bydgoszcz, a city that immediately became special to me. The Kazimierz Wielki University welcomed us warmly: each international student was assigned a buddy to help adapt to the new city and university. On the first day, I already felt part of a friendly new community. During Welcome Week, I presented Kazakhstan, my city, and university together with my friend Karina Tulegenova. I wore traditional clothes and jewelry and offered everyone bursaks — this was a small bridge between my culture and new friends.

The academic part of the program was also amazing. I studied four subjects: Foreign Language Teaching Methodology, English Language Course, English for Psychology and Practical English - Reading. Classes lasted 90 minutes and were held once a week — this format was unusual for me but convenient for traveling. The professors were very kind and professional. I especially enjoyed the methodology classes with Justyna Adamska. I learned a lot that will definitely be useful in my future profession. We used Microsoft Teams for studying, where we could communicate with professors and receive materials — this was very convenient and modern.

But the most valuable part was the friends and experiences. The university had students from many countries: Spain, Italy, Turkiye, Hungary, Slovakia, Ukraine, Romania, and China. I made friends with them, and our communication became a real joy. We went on city quests together, visited the nearby city of Torun, had karaoke evenings, and celebrated New Year together. Saying goodbye was very hard, but we still keep in touch.

Living costs were slightly higher than in Kazakhstan, but the grant covered the apartment, travel to and from Poland, health insurance, and visa. I only had to pay for food, transport, and personal expenses.

During my mobility, I also visited eight countries: Poland, Italy, Spain, Switzerland, Czech Republic, Austria, Hungary, and France. My main dream was to see Paris, and I was very happy that it came true. It was also great that flights between European countries were relatively inexpensive, which made traveling easier.

Bydgoszcz will forever remain in my heart. It is small, cozy, old and full of history — somewhat similar to my hometown Uralsk. Walking its streets, I felt at home. People here may seem reserved, but when you ask for help, they are always ready to support. I also attended free Polish language courses provided by the university and received a certificate. The locals were very happy when I tried to speak their language — it was touching and fun.

This trip was a real discovery for me. I met new cultures, made friends from all over the world, improved my English, and started learning Polish. I realized that the world is vast and welcoming, and studying can be interesting and inspiring. Bydgoszcz became my second home, and I will always cherish these memories.

I want to express my special gratitude to Makhambet Utemisov University for giving me the opportunity to participate in this program and open new horizons. I also sincerely thank Kazimierz Wielki University in Bydgoszcz for their warm welcome, support and interesting classes, thanks to which my academic mobility became such a bright and unforgettable experience.

Aruzhan TUYAKOVA,
Foreign languages department,
3rd year student ИЯ-37

Жастарды қолдау - болашаққа инвестиция

Жоғары оқу орындарында білім алып жатқан жастар - елдің ертеңі, болашақтың тірегі. Осы тұрғыдан алғанда, студенттерге жан-жақты қолдау көрсету - қоғамның маңызды міндеттерінің бірі біздің университетте ерекше кездесу өтті. Оқу орнына арнайы келген кәсіпкерлер ақылы бөлімде білім алып жүрген студенттермен жүздесіп, олардың жағдайымен танысты.

Кездесудің басты мақсаты - оқуында үздік нәтиже көрсетіп жүрген, қоғамдық өмірге белсенді араласатын студенттерге қолдау көрсету. Атап айтқанда, кәсіпкерлер осындай жастардың оқу ақысын төлеуге көмектесуге дайын екенін жеткізді. Бұл бастама көптеген студенттер үшін үлкен мүмкіндік пен сенім сыйлады. Жүздесу барысында студенттер өз ойларын ашық айтып, жетістіктері мен алдағы жоспарларымен бөлісті. Ал кәсіпкерлер жастардың білімге деген құштарлығын жоғары бағалап, олардың әрқайсысы ел дамуына үлес қосатын тұлға болатынына сенім білдірді.

Осындай игі істер арқылы білімді, талапты жастарға жол ашылып, олардың армандарына қол жеткізуіне жағдай жасалуда. Сондықтан мұндай қолдау - тек материалдық көмек қана емес, сонымен қатар жастарға берілген үлкен моральдық демеу. Осы игі іске студенттердің бірі ретінде «Нұрбанк» АҚ Орал қаласындағы филиал басшысы Зульфия Бекешоваға ризашылығымызды білдіреміз. Осы бастамаға ұйытқы болған жандардың арқасында бізге үлкен мүмкіндік берілді. Олар маған да, басқа студенттерге де шын жүректен көмектесті. Бұл қолдау - біз үшін

үлкен демеу, әрі болашаққа деген сенімімізді күшейтті. «Жақсылыққа жақсылық – әр кісінің ісі» дегендей, жасалған әрбір қайырымды іс ешқашан зая кетпейді. Білім мен ізгілік қатар жүрген жерде ғана қоғам дамиды және осындай жақсы істер бізге де үлгі болары сөзсіз. Меценаттың бұл бастамасы – қоғамдағы адамгершілік пен жанашырлықтың жарқын көрінісі. Бұл – болашаққа себілген үміт дәні, ертеңгі күннің еңсесін тіктейтін игі қадам. Осындай ізгі істер көбейіп, талай жастың қанатын қатайтып, арманына жол ашсын!

Мерзүл АХОНОВА,
КЯЛангл 21-топ студенті
Гүлзамира ТӨЛЕГЕНҚЫЗЫ,

М. Өтемисов атындағы БҚУ Жастар ісі жөніндегі комитеттің психолог маманы

В Западно-Казахстанском университете имени Махамбета Утемисова прошла XVIII Республиканская предметная олимпиада среди студентов образовательной программы В010 - «Подготовка учителей физики».

В ЗКУ ПРОШЛА XVIII РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ОЛИМПИАДА БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ

Олимпиада объединила 42 студента из 14 высших учебных заведений Казахстана. Каждую команду представляли три студента бакалавриата, прошедшие внутривузовский отбор, а также их научные руководители. Такой формат позволил собрать наиболее подготовленных и мотивированных участников со всей страны. Соревнование включало теоретический и экспериментальный этапы, в рамках которых участники решали задачи различной сложности индивидуально и в командном формате, демонстрируя не только предметные знания, но и навыки сотрудничества и аналитического мышления. По итогам соревнования в индивидуальном зачёте призовые места заняли Басов Ярослав Юрьевич (Павлодарский педагогический университет имени Әлкей Марғұлан) - I место, Шапошник Даниил Андреевич (SDU University) и Ермахан Аян Арыстанұлы (SDU University) - II место, а также Алпысбай Жандәулет Жанабергенұлы (АРУ имени К. Жубанова), Есенғалиев Нұрхат Есенғалиұлы (ЕНУ имени Л.Н. Гумилева), Қалибек Сүйіндік Амангелдіұлы (Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова) и Естемесов Диас Ерсінулы (SDU University), занявшие III место. В командном зачёте победу одержал SDU University, второе место занял Павлодарский педагогический университет имени А.Марғұлана, а третье место разделили ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова и Южно-Казахстанский педагогический университет имени О. Жанибекова. Проведение олимпиады стало значимой площадкой



для развития профессиональных компетенций будущих учителей физики и подтвердило высокий уровень подготовки студентов.



БҚУ СТУДЕНТТЕРІ ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНАН КӨРІНДІ

Жуырда Алматы қаласындағы Қазақ спорт және туризм академиясы базасында 5B01402 – «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасы бойынша XIII Республикалық студенттік пәндік олимпиада өтті. Білім мен кәсіби шеберлікті ұштастырған ауқымды додаға еліміздің 18 жоғары оқу орнынан үздік студенттер қатысты. Сайыс нәтижесінде М.Өтемисов атындағы Батыс Қазақстан университеті командасы жоғары дайындық деңгейін көрсетіп, жалпыкомандалық есепте III орынға ие болды. Бұл - университет студенттерінің спорттық даярлығы мен теориялық білімінің, сондай-ақ ұстаздар еңбегінің жарқын жемісі.

Олимпиада барысында жекелеген бағыттар бойынша да БҚУ студенттері жүлделі орындардан көрінді. Атап айтқанда, ғылыми жоба байқауында 3-курс студенті Нұрым Бесенбай II орын иеленіп, өзінің ғылыми ізденісі мен кәсіби біліктілігін дәлелдеді. Сонымен қатар гимнастика бағыты бойынша 3-курс студенті Тимур Тынымов күміс жүлдеге қол жеткізіп, шеберлігімен ерекшеленді. Республикалық олимпиадаға «Бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру» білім беру бағдарламасының студенттері қатысып, университет намысын абыроймен қорғады. Команда құрамында:

Нұрым Бесенбай – 3-курс;

Тимур Тынымов – 3-курс;

Ұлан Жалмұхамбетов – 4-курс;

Николай Линский – 4-курс;

Алмас Хангереев – 4-курс;

Расул Жұпан – 4-курс студенттері болды.

Студенттерге жетекшілік жасап, кәсіби бағыт-бағдар берген оқытушылар Е.Х. Жаксылыков мен Н.Н. Наурызбаев шәкірттерінің жоғары нәтиже көрсетуіне үлкен үлес қосты. Бүгінде жастардың білім мен спортты қатар алып жүруі – ел болашағы үшін маңызды көрсеткіштердің бірі. Республикалық деңгейдегі мұндай жетістіктер университеттің білім сапасы мен студенттердің жан-жақты дайындығын айқындай түседі. Жеңіс тұғырынан көрінген студенттеріміз бен жетекшілерін шын жүректен құттықтаймыз! Алдағы уақытта да биік белестерді бағындырып, жаңа жетістіктерге жете берулеріне тілектеспіз.

БҚУ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ



Карагандинский университет им. академика Е.А. Букетова (г. Караганда) с 23 по 28 апреля 2026г. проводил международную дистанционную олимпиаду «Международные стандарты аудита», объединившую обучающихся из разных вузов и стран.

Международная дистанционная олимпиада по аудиту

Участие в олимпиаде было индивидуальным. Под руководством к.э.н. А.А. Ерняязовой студенты 3 курса ОП 6B04111-Учет и аудит Дусалиева Арина Шамильевна, Нугманова Ділназ Муратқызы, Карпова Анастасия Алексеевна приняли активное участие в данной олимпиаде, которая состояла из двух этапов. Первый этап включал написание творческих работ – эссе на тему: «Искусственный интеллект в сфере финансовой отчетности и аудита: Новая эра». Эссе, являлось авторской работой, отражающей позицию студента по актуальной проблеме. По результатам первого тура Дусалиева Арина



Шамильевна, Нугманова Ділназ Муратқызы, Карпова Анастасия Алексеевна успешно справились с поставленной целью, представив собственную точку зрения в раскрытии актуальной проблемы на теоретическом уровне, аргументировав свои позиции на факты социально-экономической действительности. Второй тур, состоял из решения ситуационных задач. По итогам международной олимпиады «Международные стандарты аудита» среди вузов Республики Казахстан Нугманова Ділназ Муратқызы заняла I место и награждена дипломом первой степени. Поздравляем!

А.Н. ШАРАФУТДИНОВА,
Руководитель ОП Бизнес, управление и туризм

Мәтінді концептілік ұғымдар арқылы оқыту

(«байлық», «кедейлік» концептісі негізінде)

Қазіргі білім берудің модернизациялау жүйесінде сөйлеу әрекетін яғни тілдік дағдыларды қалыптастыру жалаң ақпаратты меңгерумен емес, оқушының танымына әсер ету арқылы тұлғаның құндылықтық бағдарын, сыни ойлау дағдысын әрі зерттеушілік дағдысын дамыту басты назарда екені белгілі. Әрине, оқушының көркемдік ойлауын, көркем әдеби тілін қалыптастыру тыңдалым және айтылым әрекеті арқылы ғана емес, продуктивті дағдылардың қатарындағы жазылым әрекетін дамытудың ұтымды тәсілдемелері негізінде де молайтуға болады. Лексикалық тақырып аясында берілген танымдық мәтін негізінде жүргізілетін жазылым дағдысы прагматикалық тұрғыдан қарағанда, ұзақ уақытты алатын, нәтижесі оқушының бойынан бірден көріне бермейтін дағды. Сондықтан мұғалім оқу процесінде өнімді дағдыдан өнім алу үшін оқылм әрекетін жүргізудің тиімді жолын қарастыруы қажет. Ақпарат ағыны көп, жаңалыққа толы жаңа заманда оқулықты «ресурс» ретінде пайдаланып, ондағы мәтін мазмұнын жаңартып отыру-оқушыларды қоғамдағы әлеуметтік-саяси жағдайларға қатысты өзіндік пікір білдіріп тұлғалануына әсер етеді. Мектепте, тілді оқыту процесінде оқылм мәтінін оқудың әр алуан стратегияларымен оқытамыз, сабақ жоспарын оқылм алды, оқылм кезеңі, оқылмнан кейінгі кезең деп оқу мақсатына сай түрлі әдіске негізделген тапсырмалар жүйесін ұйымдастырып, үйлестіре қолданамыз. Алайда оқығанын белгілі бір істе ұйғарымды қолдана білмесе, оқушының жоғары деңгейде таным үдерісі дамымайды. Сол себепті жазылым жұмысын орындау үшін балаға дағды мен білім керек. Оқылм мәтініндегі факті мен көзқарасқа, көркем ойға терең рефлексия жасай білуі тиіс. Лингвopsихологияның белгілі білгірі Э.Леннебергтің айтуынша, адам баласы жаратылысынан жүруге, сөйлеуге бейім болып туылса, жазылым-жүзу әрекеті сияқты үйретілетін, үйрететін дағды. Сондықтан филолог-педагог ақпаратты қажетіне жарататын, үйретуге негіз болар әдіс-тәсілдерді іздеуі тиіс. Осы орайда ұлттың ұлы ұстазы Ахаңның: «Үйрету бастапқы кезде қайда да болса, баулу түрде болған. Оқу – беріде шыққан үйрету түрі...» деген педагогикалық ойы ойға оралады. Сондықтан өлі оқудан баули оқуға үйретуіміз – баланың жеке тұлғалық қасиетін ашуға, тілдік құзыреттілігін дамытуға жол ашатын бірден бір негіз деуге болады.

Тәжірибеден белгілі, оқушылардың жазылымдағы қиналатын тұсы – зат немесе құбылыстың сипатын аша алмайды яғни сипаттап жазу ісінің жұтаңдығы байқалады. Мұғалім оқу-жұмыс іс-әрекетін ұйымдастыру алдында білім алушы санасындағы өмір, өлем туралы түсініктерін біліп алуы маңызды. Яғни концептіні лексикалық материал аясында анықтау – оқушылардың өмірлік тәжірибесіндегі білім қоры негізінде ойлау, қорыту үдерісінің анықталуы мен оқытудың жүйелі жүргізілуіне ықпал етеді. Мектеп бағдарламасында 10-сыныптың «Қазіргі қоғам: Әлеуметтік теңсіздік. Тілдік жүйе және норма» бөліміндегі оқылм дағдысына арналған 4-бөлімшеде «10.2.4.1 әр түрлі стилдегі (ғылыми, ресми іс-қағаздар, публицистикалық, ауызекі сөйлеу, көркем әдебиет стилі) мәтіндердің тақырыбын, мақсатты аудиторияға қызметін, құрылымын тілдік ерекшелігін салыстыра талдау» деген оқу мақсатына сабақтың өлшемдік мақсатын былайша шығаруға болады: -ауызекі сөйлеу мен көркем әдебиет стиліндегі мәтіндердің тақырыбы мен тілдік ерекшеліктерін салыстыра талдайды. Оқылм алды тапсырманы жүргізбес бұрын, «байлық» деген ұғымның оқушы санасындағы көрінісін білу үшін үйге сурет салу (Сен үшін байлық деген не? сауалы аясында) тапсырмасынан көрме ұйымдастырады. Мұғалім қазақ поэзиясындағы қыран ақындардың «байлық» пен «кедейлік» коцептісін ашатын өлеңдерін рөлге ене, сыныпты еліте, мақамдап жатқа оқудан бастау – тақырып мазмұнына түрлен салатын негізгі шығармашылық әрекет болып саналады. Мәселенки, Қадыр Мырза Әлінің «Бақыт» өлеңін мәнеріне келтіре оқудан бастауға болады.

Өлеңді оқып болған соң, оқушыларға ой қозғау мақсатында ашық сұрақтар қойылады:

1. Өлең не туралы?
2. Қадыр ақын бұл өлеңі арқылы не айтпақ болды?
3. «Бақыт егер байлық болса-бергенің» деген тармақты қалай түсінесіңдер?

Осы сұрақтар арқылы оқушылардың байлық ұғымын қалай түсінетіні анықталады. Яғни мұғалім когнитивті лингвистикадағы коцептіні ашудың «когнитивті-семантикалық» әдісін қолданады. Мұны дидактикада «миға шабуыл» әдісі дейді. Қазақ тілі мұғалімі аталмыш әдіске «ойтүрткі», «ой қозғау», «ой шақыру» сияқты перифразиялы атаулар беруіне болады. Оқылм кезінде «байлық» пен «кедейлік» коцептісін ашатын ауызекі сөйлеу стиліндегі мәтінді мұғалім өзі құрауы тиіс. Мысалы,

«Жаратылыстану ғылыми білімнің интеграциясы: теориядан практикаға» тақырыбындағы әдістемелік айлық аясында химия білім беру бағдарламасының студенттері арасында «ЭРУДИТ» атты интеллектуалды ойын ұйымдастырылды. Аталған шараның ұйымдастырушылары - аға оқытушылар Н.С. Ержанова, А.Е. Меңдығалиева және Х-21 тобының белсенді студенттері.

Интеллектуалды ойынның негізгі мақсаты - болашақ мамандардың химия ғылымына деген қызығушылығын арттыру, студенттердің теориялық білімін практикалық ойлау дағдыларымен ұштастыру, сондай-ақ кәсіби құзыреттіліктері мен зерттеушілік қабілеттерін дамыту болды. Сайыс барысында қатысушылар химия саласына қатысты күрделі тапсырмалар мен логикалық сұрақтарды шешіп, өз білімдерінің тереңдігін және жан-жақтылығын көрсетті. Ойын бірнеше кезеңнен тұрып, әр кезең ерекше форматта ұйымдастырылды. Бұл студенттердің шығармашылық және

А мәтіні

Айзере:

-Нұртөре, сенің ойыңша, байлық деген не өзі?

Нұртөре:

-Байлық па? Ақша ғой. Үй, көлік, әсем-әсем бұйымдар мен қымбат киімдер. Соның бәрі түгел болса-байлық.

Айзере:

-Әх, бәрі солай деп ойлайды ғой. Бірақ ақшаң судай болғанмен, көңілің тыныш па?

Сол байлықты өмірі қорғап өтесің ғой.

Нұртөре: Қайтіп тыныш болмасын? Ақшаң көп болса, бәрін реттеуге болады ғой.

Айзере:

-Жоқ, Нұр, қателеспе. Кей адамдардың ақшасы көп болған сайын уайымы да көп болады. Ешкімге сенбейді. Ал, сол адамды шын бай дей аласың ба?

Нұртөре:

-Хм, онысы да дұрыс. Бірақ өмір сүру қиын ғой.

Айзере:

-Әрине ақша керек. Бірақ қара, ауылдағы қарапайым отбасы. Табысы көп емес. Бірақ үйінде, кешкі асқа жиналғанда береке бар да. Балалары да жанында, әп-әдемі әңгіме өріліп отырса, сол-байлық емей немене?

Нұртөре:

-Жоқ, оны кедей дей алмаймын.

Айзере:

-Міне, көрдің бе? Байлық-қалтаңның қалыңдығы емес, жүректен мейірім, шапағат, маздамас махаббат қой.

Нұртөре:

-Сонда сен үшін кедейлік не?

Айзере:

-Кедейлік - ақшаның жоқтығы емес, мейірімсіздік, қанағатсыздық, сараңдық дегендер де кедей адамның қасиеттері. Қанша қалтасы қалың болса да, жүрегі жоқ адам - кедейдің кедейі.

Нұртөре:

-Ойбу, мына сөздерің ойландырады екен.

Айзере:

-Ойың өзгерді ме?

Нұртөре:

-Иә, байлық - ақша емес, бақыт пен байлық - шынайы ортаң мен отбасың екен ғой.

Айзере:

-Дұрыс, алайда ақшасы да, қайыры жоқ та адам болады. Осыны ұмытпа!

Ө мәтіні

Е. Әбікенұлы «Пәтер іздеп жүр едік» әңгімесінен үзінді

Айнадай жарқыраған жап-жаңа үйдің қарсы алдындағы тозығы жеткен үлкен үйдің іші жың сасыған қараңғы дәліз екен. Артынан еріп келеміз. Таусылып болмайтын бұрылмасы көп дәліздің түбіне барып, бір-ақ тірелдік. Ең соңғы бөлме, ең соңғы үмітім. Көзім сәл үйірлескендей болды. Қоян екең қоян да інін дәл бұлай қаза алмас-ау, сіре?! Қыртыс есікті шалқалай ашты, үш аттап төрге жеттім, құлашымды жайып едім, саусақтарымның ұшы қабырғаға тиді. Сол жақ бұрышқа ұзынынан екі төсек қойылыпты. Төсек емес, үсті-үстіне қиюластырып, кірпіші, шөркесі аралас бірдемелердің үстіне жатқызып қоя салған тақтай екен. Сол тақтай төсектің біреуінің тең жартысы есіктің артындағы үйді бөлген кездегі бетон қабырға мен тақтай қабырғаның арасындағы бос аралыққа кептеліп кіргізіліпті. Егер осы қуыс болмаса бір ғана төсек сыятындай. Үш метр үйге төрт метр төсек, өне, солай сыйып тұр. Оған кір-кір, мақтасы салбырап, тозығы жеткен матрац төселіпті. Өртенген, әлде май тамғаны белгісіз, кейбір жерлері сарғыштанып кеткен. Оң жақ түпкі бұрышқа бойы жерден әрең асатын кішкентай үстел қойылыпты. Бірғап көріп едім, билеп тұр. Енді байқадым, үлкен бір залды келсін-келмесін, иттің ұясындай қылып сансыз бөлмелерге бөліпті. Тақтаймен бөлсе бір сәрі. Қыртыспен қиюластыра беріпті. Соның керегеге тірелген соңғы қуысы бізге бұйырып тұр. Саңылауларының ар жағында пәтершілердің қарасы анық көрінеді. Сол сәт арғы беттен сәбидің шырқырап жылаған ащы үні естілді. Қыртыс қабырғаның үстіңгі жағы төбеге бір қарыс жетпей қалыпты да, сол ашық аралыққа небары жалғыз ғана шырақ

зияткерлік әлеуетін ашуға, сондай-ақ жылдам ойлау, тапқырлық және командалық жұмыс дағдыларын дамытуға мүмкіндік берді.

Сайыс қорытындысы бойынша үздік нәтиже көрсеткен студенттер I, II және III дәрежелі дипломдармен марапатталды. Шара барысында көрермендер де белсенділік танытып, ұсынылған сұрақтарға жауап беріп, сайыстың мазмұнын байыта түсті. Бұл өз кезегінде білім алушылар арасында достық қарым-қатынасты нығайтып, академиялық ортадағы ынтымақтастықтың артуына ықпал етті. Іс-шара соңында Құзіреттілік орталығының әдіскері Л.Д. Ермекбаева қатысушыларды құттықтап, әдістемелік айлықтың маңыздылығына тоқталды. Өз сөзінде ол қазіргі білім беру жүйесінде пәнаралық интеграцияның рөлі ерекше екенін атап өтіп, ұйымдастырушыларға алғысын білдіріп, шығармашылық табыс тіледі.

А.Е. МЕНДЫҒАЛИЕВА,

Биология, химия ғылымдары және қоршаған орта білім беру бағдарламасының аға оқытушысы



орнатыпты. Арғы жақ пен бергі жақ сол жалғыз шыраққа тәуелді. Егер шырақ сөнсе, екі жақ та жарықсыз қалайын деп тұр...

Жоғары сынып оқушылары стилі әр түрлі мәтіндердің мазмұнына терең бойлап, оның тақырыбын, автордың айтақ ойын сыни тұрғыда саралайды. Мақсатты аудиториясын белгілеп, жанрлық ерекшелігіне сай тілдік оралымдарын анықтайды. Бірақ көбіне білімгерлер көркем мәтіндердегі қоғам, өмір туралы мәселелерді тануға тырысады. Білім алушылар автордың көзқарасын анықтап, өз ойларын салыстырып, сыни бағалауға үйренеді. Оқылым тапсырмасына екі мәтіннің тақырыбы мен мақсатты аудиториясын, тілдік құралдарын талдауға сыни тұрғыдан ойлау технологиясының «Венн диаграммасы» стратегиясын қолдануға болады. Мұғалім мәтіндердегі «байлық», «кедейлік» мәнін ашатын сөздер мен сөз тіркестерін де табуға тапсырады.



«Байлық», «кедейлік» концептісін ашатын сөз тіркестері (2 мәтіннен):

Концептінің тілдік айналымда сөзбен танылатыны да, табылмайтыны да болады. Оны концептілі өрістен де байқауға болады. Бірақ оқушы мәтінмен жұмыс кезінде концептіні «логикалық» әдіс арқылы ашады. Мысалы, «байлық» және «кедейлік» концептісін оқылымдағы тілдік бірліктер негізінде тарамдаймыз:

А мәтіндегі «байлық» концептісі:

- 1) Ақша;
- 2) Үй;
- 3) Көлік;
- 4) Киім;
- 5) Уайым;
- 6) Ауыл;
- 7) Отбасы;
- 8) Табыс;
- 9) Береке;
- 10) Мейірім;
- 11) Махаббат;
- 12) Бақыт.

Ә мәтіндегі «Кедейлік» концептісі:

- 1) Тозық;

- 2) Қараңғы;
- 3) Қыртыс есік;
- 4) Тақтай төсек;
- 5) Бетон қабырға;
- 6) Кір-кір матрац;
- 7) Пәтерші;
- 8) Саңылау;
- 9) Жалғыз шырақ-деген ықтимал,

болжамды жауабын табуы керек. Тапсырманы түрлендіріп беру де сабақ мақсатына жетуге жәрдемдеседі. Тапсырма мазмұнында концептілік жүйені сақтай отыра мынадай жаттығу беруге де болады:



Бұл жаттығу түрін мәтінді талдау кезінде оның мазмұндық, тілдік, символдық қабатын зерттеуге ұсынылады.

Оқушылардың сауаттылығын, грамматикалық дағдыларын дамытуға бағытталған оқу әдісінің бірі - «Бестік диктант». Бұл әдісті жүргізудің бағдаржолы:

Сөз: Қараңғылық

Сөз тіркесі: Тозығы жеткен үлкен үй

Сөйлем: Үш метрлік бөлмеге төрт метрлік төсек әрең сыйып тұрды.

Сұрақ: Бөлменің тарлығы нені білдіреді?

Жауап: Ол адамдардың ауыр тұрмысы мен үкілеген үмітінің тарылғанын аңғартады. Бұл әдіс тікелей оқылым мәтіні бойынша жүргізіледі. Мәтіннің тақырыбы мен тілдік бірліктерін анықтауға дағдыландырады әрі қысқа құрылым арқылы өз ойын білдіре отырып, негізгі ойды қамтуға мүмкіндік береді.

Мектепте оқу сауаттылығының негізі - оқу мен жазудың бірлікте қаралуы. Оқылым/жазылым дағдысын бір қамту - аналитикалық ойлауды дамытудың негізгі жолы. Заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Омарханұлы Әуезов: «Көркем шығарманың бір сөйлемінде тұрған сөз бір-ақ қана ұғым, түсінік бермейді. Соны біреудің үстіне ол әр алуан қосымша ассоциация тудырып, оқушыға қосымша елес - емеурін танытып тұрады. Мұндай қатарда жеке сөз орны мен сөтін тапқан шақта жаңаша жанданып кетеді. Оның көркемдігімен қатар сөйлем ішінде өзінен-өзі ұшқын атып тұрған сипаты болады» деп сөздің келтірінді, контекстік мағынасы да, көркемдік қуаты да ерекшеленіп тұратынына стилистикалық баға берген. Сондықтан әдістемелік тұрғыда жазылым әрекетіне баулудың тиімді жолы - сөзді іріктеп, сұрыптап пайдалану. «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасындағы жазылым дағдысына арналған 6-бөлімшедегі (шығармашылық жұмыс) 10.3.6.1 әр түрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, хат, әңгіме, шығарма) ұсына білу деген оқу мақсатынан мынадай SMART мақсат шығарылады:

-әр түрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, әңгіме жазады.

Айта кететін жайт, әдеби тіл нормалары (бұл тоқсанда грамматикалық норма қаралады) жазылым әрекетінің нәтижесінде көрініп тұруы қажет.

Адамның жан дүниесіндегі арпалыс, қуаныш пен қайғы, өмірлік құндылық аясы көркем мәтінде жататындықтан, оқылымдағы сөз оралымдарын, көтерілген мәселені негізге алып, жазылым жұмысын орындауы керек. Ол үшін оқушы жазар әңгімесінің байлық пен кедейлік туралы өрбіп жатқанын саналы түрде ұғынуы маңызды. Мәселенки, оқылымда берілген мәтіннен көркем тіркестерді (айнадай жарқырау, тозығы жету, жың сасыған, бұрылмасы көп дәліз, қыртыс есік, шөркесі аралас, тақтай төсек, иттің ұясындай, жалғыз шырақ) теріп, мағынасын бірлесе ашады. Шығармашылық жұмысқа кіріспес бұрын, сұрыпталған сөздердің семантикалық белгісіне, морфологиялық жасалу жолына талдау жасалады. Кейін сыныпқа жазылым кезеңіне көшу үшін мына сурет негізінде әңгіме құрау тапсырылады.



Ернар ЖАҚЫПТЕГІ,
Қазақ тілі мен әдебиеті, педагогика пәндерінің оқытушысы
Білім беру ұйымының әдіскері

«Балалық шақтағы асқазан-ішек жолдарының аурулары» тақырыбында ашық семинар сабақ

Тамақтану - бұл адам ағзасының өсуін, дамуын және тіршілік әрекетін қамтамасыз ететін негізгі биологиялық факторлардың бірі. Балалар мен жасөспірімдерде зат алмасу қарқыны жоғары болғандықтан, олардың қоректік заттарға деген физиологиялық қажеттілігі ересектерге қарағанда өзгеше. Сондықтан әр жас кезеңіне сәйкес ғылыми негізделген тамақтану нормаларын сақтау денсаулықты нығайту мен аурулардың алдын алуда маңызды рөл атқарады.

Сабақ барысында әр түрлі жас топтары үшін тамақтану нормалары ғылыми негізде түсіндіріліп, олардың физиологиялық ерекшеліктерімен байланысы нақты көрсетілді. Сонымен қатар балалық шақтағы асқазан-ішек жолдарының ауруларының себептері, белгілері және алдын алу шаралары жан-жақты қарастырылды. Студенттерге оқу материалы жүйелі, түсінікті және қолжетімді түрде түсіндірілді. Теориялық білім тәжірибемен ұштастырылып, нақты мысалдар мен клиникалық жағдайлар арқылы толықтырылды. Бұл студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттырып, сыни ойлау қабілеттерін дамытуға ықпал

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің жаратылыстану-география факультетінде өткен «Жаратылыстану ғылымы білімнің интеграциясы: теориядан практикаға» тақырыбындағы әдістемелік айлық аясында «Балалардың жас ерекшелік және физиологиялық даму ерекшеліктері» пәнінен Х (IP) - 11 топ студенттеріне «Әр түрлі жас топтары үшін тамақтану нормалары. Балалық шақтағы асқазан-ішек жолдарының аурулары» тақырыбында ашық семинар сабағы өткізілді.



етеді. Сабақта заманауи оқыту әдістері мен технологиялары (презентация, интерактивті тапсырмалар, топтық жұмыс) және көрнекілік құралдар тиімді қолданылды. Студенттер белсенді қатысып, өз пікірлерін еркін жеткізе алды. Олардың білім деңгейін бағалау әдістері де әділ әрі объективті болды.

Қорыта келе, студенттер әр түрлі жас топтары үшін тамақтану нормаларын сақтау - денсаулықты нығайтудың, физикалық және психикалық дамуды қамтамасыз етудің негізгі шарты екенін анықтады. Сонымен қатар ғылыми негізделген тамақтану қағидаларын енгізу балалар мен жасөспірімдер арасында созылмалы аурулардың алдын алуға және өмір сапасын арттыруға мүмкіндік беретінін білді.

Жалпы алғанда, ашық сабақ жоғары деңгейде өтті, қойылған мақсаттарға толық қол жеткізілді. Мұндай сабақтар студенттердің кәсіби дайындығын арттыруда маңызды рөл атқарады.

К.С. УДРЕЕВА,
«Биология, география, химия
мұғалімдерін дайындау» БББ оқытушысы,
жаратылыстану ғылымдарының магистрі



ЖЕҢІС КҮНІ МАХАМБЕТ ЖАСТАРЫ ЕРЛІК ПЕН БАТЫРЛЫҚҚА ТАҒЗЫМ ЕТТІ

БҚУ қызметкерлері мен студенттері Жеңіс алаңына барып, Ұлы Отан соғысында ел үшін жанын қиған батырларды еске алып, олардың рухына құрмет көрсетті. Жастар майдангерлердің ерлігі мен бейбіт өмір жолындағы жанқиярлық еңбегін ерекше ілтипатпен атап өтті.



Жеңіс күні - батыр бабалардың қайсарлығы мен отансүйгіштік рухын ұлықтайтын қасиетті мереке. Осындай тағылымды шаралар жас ұрпақтың бойында елге деген құрметті, тарихи жадыны және патриоттық сезімді нығайта түседі. Батырлар аманаты - Тәуелсіз елдің бейбіт болашағын сақтау. Ерлік ешқашан ұмытылмайды, ал Отанға деген сүйіспеншілік - әр азаматтың жүрегіндегі қасиетті сезім.

БҚУ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ

ТЕМІР ТӘРТІП ПЕН ЖАЛЫНДЫ РУХ

Махамбет университетінде өткен «Әскери-патриоттық және азаматтық тәрбие» жобасы биыл да жастарды бір алаңға жинады. Екінші жыл қатарынан ұйымдастырылған жоба бұл жолы «Заң және тәртіп» қағидатын ту етті. Үш күн бойы студенттер тек күш сынасып қана қойған жоқ. Олар нағыз командалық рух пен әскери дайындықтың қандай болатынын көрсетті. Қол күресі, садақ ату, арқан тарту, кермеге тартылу, пневматикалық мылтық ату - әр кезең ерекше тартысқа толы өтті. Әсіресе мергендер сайысы көпшіліктің делебесін қоздырды. Нысананы көздеп атқан қатысушылардың мергендігі соншалық - төрешілер жеңімпазды әр ұпаймен санауға мәжбүр болды. Ал қол күресінде бұлшық еттен бұрын мінез сыналды. Мұхаммед Сағадат - облыстық жарыстардың жеңімпазы. Былтырғы жетістігін биыл да қайталап, өз салмағында тағы үздік атанды.

Жобаның ең әсерлі бөлігінің бірі - АК-47 автоматын шашып-жинау кезеңі. Мұнда секундтар шешуші рөл атқарды. Қатысушылардың ептілігі мен шапшаңдығы көрермендерді тәнті етті. Ал саптық жүріс кезінде алаң бір сәтке әскери парад алаңына айналғандай. Бір ырғақпен қадам басқан студенттер тәртіп пен бірліктің шынайы көрінісін көрсетті. Финалдық сәт те ерекше эмоцияға толы болды. Жеңімпаздар сахна төріне көтеріліп, кубок пен марапаттарын алды. Қорытынды кеште барлық жеңімпаздар мен жүлдегерлерге алғыс хаттар табысталды. Командалық есепте педагогика факультеті үздік үштікті түйіндеді. Жаратылыстану-география факультеті екінші орынға жайғасса, физика-математика факультеті қатарынан екінші жыл чемпион атанды.

Бұл жоба - жай жарыс емес. Бұл - рухты шыңдайтын, жауапкершілікті сезіндіретін, елге қызмет етудің мәнін ұқтыратын мектеп. Махамбет жастары биыл да патриотизмнің сөзбен емес, іспен дәлелденетінін көрсетті.



Ерлікке тағзым - ұрпаққа аманат



9 мамыр - Жеңіс күні қарсаңында ИЯ (ІР)-11 тобында тағылымы мол «Ер мен жердің жеңісі» атты тәрбие сағаты өтті. Шараны топ кураторы А.Е. Габдешева ұйымдастырып, студенттерге соғыс жылдарындағы ел басына түскен ауыр кезеңдер мен майдандағы қаһармандық туралы кеңінен әңгімеледі. Тәрбие сағатының басты мақсаты - жас ұрпақтың бойында отансүйгіштік рухты қалыптастыру, тарихи сананы жаңғырту және Ұлы Жеңістің маңызын терең түсіндіру болды. Бүгінгі бейбіт өмірдің артында қаншама тағдыр мен жанқиярлық ерлік тұрғанын студенттер ерекше ықыласпен қабылдады.

Іс-шара барысында білім алушылар қазақ халқының даңқты батырлары - Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова сынды ерлердің өмір жолымен танысты. Майдан даласында Отан үшін жанын қиған батырлардың ерлігі студенттердің жүрегіне патриоттық сезім ұялатты. Кеш барысында жастар патриоттық өлеңдер оқып, тарихи деректермен бөлісіп, соғыс тақырыбы төңірегінде өз ойларын ортаға салды. Әсіресе, бейбіт өмірдің қадірі мен ел тыныштығының маңызын түсінуге бағытталған пікірлер әсерлі шықты. «Ер мен жердің жеңісі» атты тәрбие сағаты – өткенге құрмет білдіріп қана қоймай, болашақ ұрпақтың елін сүйетін, тарихын қадірлейтін азамат болып қалыптасуына ықпал еткен мазмұнды кездесу болды. Жеңіс рухын ұлықтау – ұрпақтың рухани парызы екені тағы бір мәрте айқын сезілді.

*Альбина АХАНОВА,
Филология факультетінің тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары*

Бірлік мерекесіне орай зияткерлік дода

1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі күні қарсаңында университетте мазмұнды әрі танымдық шара ұйымдастырылды. Филология факультетінің бастамасымен өткен «EDU quiz» атты университетішілік интеллектуалдық ойынға білім ордасының 6 факультетінен құралған командалар қатысты.

Шара барысында қатысушылар түрлі бағыттағы сұрақтарға жауап беріп, өздерінің білім деңгейі мен логикалық ойлау қабілеттерін сынға салды. Интеллектуалдық дода тек бәсеке алаңы ғана емес, сонымен қатар студенттер арасындағы достық қарым-қатынасты нығайтып, шығармашылық белсенділікті арттырған ортаға айналды. Қатысушылар бір-біріне қолдау көрсетіп, ойын жоғары деңгейдегі мерекелік көңіл күймен өтті.

Тартысты әрі қызықты өткен сайыс қорытындысы бойынша жүлделі орындар төмендегідей анықталды:

- I орын – «Абуғой» командасы
- II орын – «ELITE» командасы
- III орын – «Алты гений» командасы



Жеңімпаздар мен жүлдегерлер арнайы сыйлықтармен марапатталды. Шараның жоғары деңгейде өтуіне қолдау көрсеткен демеушілерге – Орал қаласы ақпараттық-талдау және жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталығы КММ басшысы Дәурен Шамұратовқа, сондай-ақ куиз авторы, университет түлегі Бақдаулет Ералыға

алғыс білдірілді. Аталған интеллектуалдық ойын қатысушыларға ерекше әсер сыйлап, бірлік пен білімнің маңызын ұштастырған тағылымды кеш ретінде есте қалды.

*Али НАБИ,
Филология факультеті деканының оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары*

«Сквозь годы звучит Победа»

В университете состоялся концерт, посвященный Дню Победы – «Сквозь годы звучит Победа». Старшие преподаватели ОП по подготовке учителей по иностранным языкам и литературе А.А. Калиева и Р.Э. Ситалиева совместно со студентами групп ИЯ (ІР) - 12, ИЯ (ІР) - 14, ИЯ - 32, ИЯ - 22 (3) подготовили трогательную и насыщенную программу, наполненную стихотворениями, песнями военных лет, фронтовыми письмами и театрализованными постановками.

В ходе мероприятия прозвучали произведения на русском, казахском и английском языках, были представлены истории о героях войны, а также музыкальные номера, напоминая о мужестве, стойкости и цене Великой Победы. Особую атмосферу создали сценка по мотивам военных произведений и совместное исполнение песни «Катюша». Концерт стал важным напоминанием о необходимости хранить память о подвиге поколения победителей и передавать её следующим поколениям. Мы помним. Гордимся. Благодарим!

Бірлік – біздің күшіміз, болашағымыздың негізі



М.Өтемісов атындағы БҚУ-да 1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі күніне орай «Халық бірлігі – мемлекет дамуының берік негізі» тақырыбында облыстық деңгелек үстел өтті. Іс-шара БҚО әкімдігі Қоғамдық даму басқармасының «Қоғамдық келісім» КММ-мен бірлесіп ұйымдастырылды.

Деңгелек үстел барысында қатысушылар қоғамдағы тұрақтылық пен келісімді сақтау, этносаралық қарым-қатынас мәдениеті, бірліктің әлеуметтік және рухани маңызы туралы өзекті мәселелерді талқылады. Мазмұнды баяндамаларда бірліктің қоғам дамуының өзегі екені, оның мәдени және адамгершілік құндылық ретіндегі рөлі кеңінен ашып көрсетілді. Ашық диалог алаңы қатысушыларға пікір алмасып, ой бөлісуге мүмкіндік берді. Мұндай кездесулер қоғамдағы татулық пен түсіністікті нығайтып, ортақ құндылықтарды дәріптеуге жол ашады. БҚУ - бірлік пен үйлесімділікті ұлықтайтын орта.

*Гүлбарам ЖАЛЕКЕНОВА,
Тарих, экономика және құқық факультетінің тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары, аға оқытушы, ҚР тарихы кафедрасының магистрі*

Жас ғалымдар туған өлке мұрасын зерделеді

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде «Алаштану» ғылыми-зерттеу орталығының ұйымдастыруымен «Туған өлкенің тарихи-мәдени мұрасы» атты магистранттар мен студенттердің дәстүрлі мини-конференциясы өтті. Шараға орталық жетекшісі, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Б.С. Боранбаева ұйытқы болды. Конференцияның басты мақсаты - білім алушылардың ғылыми-зерттеу дағдыларын дамыту, шығармашылық ізденістерін қолдау және жас ұрпақтың туған өлке тарихына деген қызығушылығын арттыру.

Ғылыми жиын барысында жас зерттеушілер өзекті тақырыптарда баяндамалар жасады. Атап айтқанда, 2-курс магистранты Нұрлан Өтемісов «XX ғасырдың I жартысындағы Қаратөбе ауданының қоғамдық-саяси және әлеуметтік дамуы» тақырыбындағы зерттеу жұмысының деректік және тарихнамалық негіздеріне тоқталды. Сондай-ақ Ист-41 тобының студенттері А. Мұратқали, А. Жардем, Н. Аққайыр «Қазан төңкерісіне дейінгі Бөкей Ордасындағы медицинаның дамуы» тақырыбындағы дипломдық жобаларын таныстырды. Сонымен қатар ИО-21 тобының студенттері Г. Лесқызы «Қызылқоға ауданының құрылу тарихы», Н. Орысбай «Мұнайлы Жаңаөзен қаласының тарихы»



тақырыптарында баяндама жасап, тың деректермен бөлісті.

Конференцияға қатысушылар жас ғалымдардың ғылыми ізденістеріне жоғары баға беріп, пікір алмасу

алаңының маңыздылығын атап өтті. Іс-шара соңында қатысушылар баяндамашыларға сәттілік тілеп, мұндай ғылыми кездесулердің жастардың кәсіби дамуына серпін беретінін жеткізді.

XIX ғасырдың бірінші жартысында Жәңгір хан жүргізген саяси-әкімшілік реформалар нәтижесінде Ішкі Ордада жаңа үлгідегі медициналық қызметтің негізі қаланды. Жәңгір ханның бастамасымен Ордада алғашқы дәрігерлік пункттер ашылып, оба, шешек, сүзек сияқты эпидемиялық аурулармен күресу жолдары жолға қойылды. Жәңгір ханның Қазан университетімен байланыс орнатуы, сондай-ақ өз ордасында Жәңгір мектебін ашуы аймақта білімді мамандардың шығуына, сол арқылы медициналық мәдениеттің қалыптаса бастауына жол ашты.

Хан өмірден өткеннен кейін де оның реформалары тоқтап қалмай, Қазан университетін тәмамдаған қазақ жастары мен Жәңгір мектебінің түлектері Ордадағы медициналық қызметті дамытып, оны жаңа деңгейге көтерді. Осылайша Бөкей Ордасында денсаулық сақтау ісінің алғашқы үлгілері қалыптасып, кәсіби медицинаның бастау алғаны тарих сахнасында маңызды орынға ие болды.

1801 жылы Бөкей Ордасында хандық билік орын алғанға дейін де, кейін де кәсіби медицина мүлдем болған жоқ, оның орнына халықтық емшілік, яғни, өздігінен емдеу жүйесі болды. Ауру адамдар жеңіл жарақаттарды емдеу ісімен магиялық сойылып, өкілдері – шамандар, тәуіптер, балгерлер, сиқыршылар айналысты. Олардың қызметі әлем туралы ғылыми негізсіз түсініктерге: дуализмге, анимизмге, фетишизмге, тотемизмге сүйеніп жүзеге асырылды. Сондай-ақ олардың тәжірибесінде демонология, мистика және ырымшылдық элементтері басым болды.

Осы «емшілер» пайда табу мақсатында, дәрігерлер мен медициналық мекемелердің жоқтығын пайдаланып, науқастарды ауру-сырқаудан емдеу үшін небір тәсілдерді ойлап тапқан. Ішкі ауруларды емдеудің ең танымал әдісі «ешіртке» деп аталды. Оның мәні мынада еді: науқас суға молда жазып берген Құран аяттары бар қағаз жолағын салып, сол суды ішу керек.

Ал «өкпемен соғу» әдісі бойынша емші науқасты бойы қойдың өкпесімен бірнеше минут ұрды. Жүйке жүйесі бұзылған аурулар, әсіресе есінен тану, сал ауруы жағдайларында «мал айналдыру» әдісі қолданылды: қой малын науқас адамды айналдырып жүргізіп шығаратын болған. Мұндай әрекеттен соң қой бақсының меншігіне өтеді, не болмаса сөйіліп, еті жеті адамға үлестіріледі.

XIX ғасырдың басындағы ғылыми экспедициялардың қазақ даласын кең көлемде қамти бастауы халықтың тарихы, тұрмыс-тіршілігі мен саяси жүйесіне қатысты құнды мәліметтердің жүйелі түрде жиналуына жол ашты. Осы зерттеулердің аясында 1826-1828 жылдары Ордада болған А.И.Левшин «Описание киргиз-кайсацких орд и степей» атты еңбегінде қазақтардың дәстүрлі емшілік тәжірибесі жөнінде төмендегідей деректер келтіреді. Мәселен, бақсы науқастың үстіне отырып, қобыз тартады, өлең айтады, жабайы дауыспен айқайлайды, дірілдеп өртүрлі қимыл-қозғалыстарды жасайды; содан кейін орнынан қарғып тұрып, мәңсіз сөздер айтады, оттың күлін алып сонымен науқасты ұрады – осылайша ауруды тудырып отырған жын-шайтандарды одан қуып шығармақ болады, науқастың көзіне түкіреді, қолына пышақ алып, өлтірмек болып науқасқа қарай ұмтылады. Мұндай емдеу кейде өртүрлі басқа да ғұрыптармен қатар жүреді және ол 9 күнге созылған.

Халықтық медицина уақыт өте өз маңызын біртіндеп жоғалта бастады, лашықтан құралған емдеу орындарын жүйелі ауруханалармен, ал бақсыны кәсіби дәрігерлермен

алмастыру қажет болған кезең туды. Мұндай маңызды өзгерістер хан Жәңгірдің кезінде нақты қолға алынды. 1823 жылы Жәңгір хан Орынбор губернаторының атына жолдаған №282 санды хатына: «Біздің көшпелі өмірімізде медициналық емдеу орталығы болған емес. Сондықтан тек маған, менің кеңесшілеріме арнайы қазына бөлінген емес, жалпы менің қол астымдағы халқым медициналық көмек алуы қажет. Болашақта мен өз Ордама аурухана, аптека ашуды, шешек ауруына қарсы екпе салатын фельдшерлерді даярлауды жоспарлап отырмын. Осы мақсатта Санкт-Петербург медициналық академиясынан жоғары медициналық білімі бар мамандар шақырттым. Оның ендігі қызметі жөніндегі арнайы рұқсатты өзіңізден күтемін», – деген. Орынбор инфантерия әскери губернаторы, генерал К.П. Эссеннің 1825 жылы жазған №406 хатында Жәңгірдің бұл өтініштеріне қолдау көрсететінін, дәрігер маманның құжаттарын өзіне жолдау қажеттігін хабарлайды.

Жәңгір хан шешекке қарсы екпе жұмыстарын үйрену үшін жергілікті емші Сырлыбай Жәнібековты Орынборға жібереді. 1833 жылы Астраханнан шешекке қарсы күрес комитеті жіберген фельдшер Абдир Қадыш деген татар келеді. Сөйтіп, 1834 жылдан бастап өртүрлі жастағы 2123 ұл мен қыз балаларға егу жұмыстары жасалады. Жәңгірдің

БӨКЕЙ ОРДАСЫНДАҒЫ ХАН ЖӘҢГІРДІҢ ЖҮРГІЗГЕН МЕДИЦИНАЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРІ

өтініші 1832 жылы патша тарапынан қолдау тауып, Бөкей Ордасына алғаш дәрігер болып Қазан медициналық университетінің түлегі штаб-дәрігер А.А. Сергачев келеді. Ордада екі жыл нәтижелі қызметінен кейін, ол 1835 жылы Саратов губерниясына дәрігер қызметіне тағайындалуына дейін Ордада болады. 1838 жылы Бөкей Ордасына емдеуші дәрігер болып келген А.А. Сергачевты 1840 жылы дәрігер В. Евланов алмастырады.

1838 жылы патша үкіметінің қолдауымен, Ордада тұңғыш дәріхана ашылады. Дәріхананың ұйымдастырылуына, Жәңгір хан қиын кезеңде дәрі-дәрмекті үнемі Орынбор мен Астрахан губернаторларынан сұрауы себеп болды.

Жәңгір ханның өлкедегі медицина басты дамытуға қосқан саясатының бірі – бұл Қазан университеті. 1839, 1844 жылдары Қазанға келіп, университет кітапханасына 1500 рубль тұратын қолжазбаларды сыйға тартты. Бұл хан Жәңгірдің армандарының орындалуына салынған инвестиция ретінде жүрді, оның басты арманы қазақ балаларының университетте жоғары білім алуы еді.

Қазан университетімен байланысқан сәтінен ол қаза болғаннан кейін де нәтиже көрді. Соның бірі, екі ұлы мен туыстарының университетте білім алуы. Сол уақытта бұл мүмкіндік жүзеге аспады. Тек 1863 жылғы уставпен кез келген гимназияны бітірген мұсылмандар Қазан университетінің кез келген факультетіне түсе алатын болды. Ханның сол уақыттағы еңбектері бағаланып, 1877 жылдан бастап Қазан университетінде қазақ жастары оқи бастады. 1917 жылға дейін 33 адам курсты бітірді, олардың 20-сы сәтті аяқтады. Олар Жәңгір ханның дәстүрін жалғастырып, «өмірінде азиялықты еуропалықпен үндестіре білген» тұлға ретінде есте қалды. Ішкі Орданың

соңғы ханы Жәңгір Бөкейұлы 1845 жылы 11 тамыз күні кенеттен апоплексиялық қан қысымынан қаза табады. 5 тамыз күні тұмаурауып қалған хан 10 тамызға дейін дәрігерлік көмексіз жатқан. Тек 10-ынан 11-не қараған түні Саратов қаласынан медицина докторы Н.Ф.Троицкий келіп үлгереді. Ханның өлімінен 19 сағат бұрын келген ол ешқандай көмек көрсете алмаған.

Жәңгір хан өмірден өтсе да, оның медицина саласында жасаған жұмыстары тоқтап қалған жоқ. Оған дәлел, Ордада 1852 жылы ашылған аурухана. Мұнда тек жергілікті халық емес, қоныс аударушылар, арестанттар да емделді. Бұл туралы академик С. Зимановтың «Россия и Букеевское ханство» [5], Бөкей Ордасын басқарған Уақытша Кеңестің төрағасы (1889–1891) Н.С.Ивановтың «Хан Жәңгір – Ішкі Қырғыз(қазақ) Ордасының ханы» атты еңбегінде Ордадағы тұңғыш аурухананың 1852 жылы ашылғаны атап көрсетеді.

Жалпы алғанда, Бөкей Ордасындағы медицинаның қалыптасуы – қазақ даласындағы денсаулық сақтау жүйесінің кәсіби, ұйымдасқан деңгейге көтерілуінің алғашқы кезеңдерінің бірі болды. Бұл үдеріс негізінде ғасырлар бойы қалыптасқан халық медицинасынан бастау алып, кейін ресми, еуропалық үлгідегі медициналық мекемелердің пайда болуына ұласқан эволюциялық даму жолы жатыр. Қазақ халқының дәстүрлі ем-дом тәсілдері –

шөппен емдеу, қақтау, сынық салу, қан алу, шипалы майлар дайындау, тәуіптік тәжірибелердің барлығы Орда халқының негізгі медициналық тірегі болып келді. Халық емшілері аймақтағы денсаулық сақтау қызметінің алғашқы буыны болды. Бұл білім жүйесі тек тәжірибеге емес, ұрпақтан-ұрпаққа берілген көшпелі ортадағы өмір сүру дағдыларына сүйенді. Дәл осы дәстүрлі медицина мен жаңаша бағыттағы еуропалық медицинаның түйісуіне жол ашқан тұлға – Жәңгір хан. Халық емшілерінің тәжірибесімен қатар кәсіби дәрігерлерді, фельдшерлерді шақырып, алғашқы аурухана мен дәріхананың ашылуы – заманы үшін аса ірі әлеуметтік қадам еді.

1880-жылдардан бастап Бөкей Ордасында кәсіби медицина жүйелі түрде ұйымдастырылып, үлкен аумаққа қызмет көрсететін құрылымға айналды. Дәрігерлер мен фельдшерлер саны артқанымен, халық медицинасын толық ығыстырып жіберген жоқ – екеуі қатар өмір сүріп, бірін-бірі толықтырып отырды.

Хан Жәңгір енгізген медициналық жаңалықтар тек өз заманы үшін ғана емес, қазіргі Қазақстандағы медицина тарихының маңызды кезеңі ретінде құнды. Бөкей Ордасындағы медицинаның қалыптасу тәжірибесі – басқарудағы тиімділік, әлеуметтік жауапкершілік және өркениеттік даму жолындағы табанды қадамдардың айқын үлгісі.

Н.Е. АҚҚАЙЫР, А.Қ. ЖӘРДЕМ, А.А. МҰРАТҚАЛИ,
БВ01601 – «Тарих» білім беру бағдарламасы
ИСТ-41 топ студенттері
Ғылыми жетекші: Б.С. БОРАНБАЕВА,
т.ғ.к., қауымдастырылған профессор

Қазіргі қоғам әлеуметтік теңдік, қолжетімділік және адам құқығын құрметтеу қағидаларына сүйене отырып, әрбір азаматтың мүмкіндігіне қарамастан өзін-өзі дамытуына және қоғамдық өмірге толыққанды қатысуына жағдай жасауды көздейді. Бұл ұстаным тек білім беру жүйесімен шектелмей, мәдениет пен ақпарат кеңістігінде де жүйелі қолдауды талап етеді. Осы тұрғыда кітапхана – ақпаратқа еркін қол жеткізуді қамтамасыз ететін, мәдени коммуникацияны ұйымдастыратын және тұлғаның әлеуметтік тәжірибесін байытатын маңызды әлеуметтік институт. Кітапхана кеңістігі жасөспірімдер үшін тек оқу мен мәдени демалыс орны ғана емес, сонымен бірге толеранттылық, өзара құрмет, эмпатия және әртүрлілікті мойындау мәдениетін орнықтыратын әлеуметтік-педагогикалық алаң бола алады.

Жасөспірім кезең – тұлғалық өзіндік сана, эмоциялық тұрақтылық, әлеуметтік дағдылар қалыптасатын шешуші шақ. Ерекше қажеттіліктері бар жасөспірімдер үшін қолайлы орта, қауіпсіз коммуникация және «қабылдану» тәжірибесі олардың әлеуметтенуіне тікелей ықпал етеді. Соңғы жылдары кітапханаларда инклюзивті бағыттағы кәсіби іс-шаралар санының артуы бұл саланың кездейсоқ бастамадан жүйелі қызметке өтуге бет алғанын аңғартады. Алайда инклюзивті жұмыстың тұрақтылығы мен нәтижелілігі оны ұйымдастырудың жүйелілігіне, кадрлық дайындыққа, орта қолжетімділігіне және серіктестік инфрақұрылымына тәуелді. Осыған байланысты инклюзивті қызметті басқарудың тиімді формасы ретінде жобалық тәсілдің әлеуеті ерекше мәнге ие.

Мәдениет ұғымы қоғамдағы әртүрлілікті әлеуметтік норма ретінде қабылдау және әр адамға тең мүмкіндік беру қағидаларымен сабақтасады. Зерттеулерде инклюзивті үдерістің табыстылығы кадрлық дайындыққа, ұйымдастырудың жүйелілігіне, құндылықтық ортаға және институционалдық қолдауға тәуелді екені айқындалады. Демек, кітапхана кеңістігіндегі инклюзивті жұмыс кәсіби, жоспарлы және нәтижесі өлшенетін сипатта құрылуы тиіс. Осы талаптарды қамтамасыз ететін басқарушылық негіз ретінде жобалық қызмет тиімді құралға айналады.

Инклюзивті кітапханалық қызметтің басты ерекшелігі – оның бір мезетте мәдени-ағартушылық, әлеуметтік-педагогикалық және коммуникациялық міндеттерді қатар атқаруында. Егер инклюзия эпизодтық

іс-шаралар деңгейінде қалып қойса, оның ұзақ мерзімді әлеуметтік әсері әлсіз болады. Сондықтан инклюзивті жұмысты жоспарлау, жүзеге асыру және бағалау логикасы нақты құрылымға сүйенуі қажет.

Сонымен қатар жобалық формат жасөспірімнің өзін тек «қатысушы» ретінде емес, «әріптес-автор» ретінде сезінуін қамтамасыз етеді. Олар идея ұсынып, міндет бөлісіп, ортақ нәтижені қалыптастыруға үлес қосады. Бұл – әлеуметтенудің маңызды тетігі: жасөспірім топта өзін қажет ері маңызды сезінеді, коммуникативтік тәжірибе жинақтайды, жауапкершілік пен өзіндік тиімділік сезімі қалыптасады.

Инклюзивті кітапханалық қызметтің негізінде ең алдымен кеңістікті қолжетімділік тұрады. Қатысушының кітапханаға келуі, ішкі кеңістікте еркін қозғалу мүмкіндігі және өзін қауіпсіз сезінуі – инклюзивті тәжірибенің бастапқы шарты. Осыған байланысты кіреберістің бейімделуі, қозғалысқа кедергі келтіретін факторларды азайту, ішкі навигацияның түсініктілігі, тынығу аймақтарының болуы сияқты мәселелер тұрақты назарда болуы керек.

Екінші маңызды өлшем – қор мен контенттің қолжетімділігі. Ерекше қажеттіліктері бар жасөспірімдердің оқу тәжірибесін қолдау үшін ірі қаріптегі басылымдар, аудиокітаптар, жеңілдетілген мәтіндер, тактильді элементтері бар ресурстар, сондай-ақ визуалды материалдар мен инфографика кеңінен қолданылуы тиіс. Қазіргі жағдайда цифрлық қолжетімділік те шешуші мәнге ие: мәтінді дыбыстау функциялары, экраннан оқу бағдарламалары, үлкейту құралдары, баламалы және қосымша коммуникация мүмкіндіктері ақпаратты тең дәрежеде қабылдауға жағдай жасайды. Осы компоненттер біріккенде ғана «қолжетімді орта» толық мазмұнға ие болады: қатысушы кеңістікке кіре алады, материалды қабылдай алады және өз ойын білдіруге мүмкіндік табады.

Инклюзивті жұмыстың сапасы

КІТАПХАНАЛАРДА

ЖАСӨСПІРІМДЕРМЕН ИНКЛЮЗИВТІ ЖҰМЫСТЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

кітапханашының кәсіби құзыреттілігіне тікелей тәуелді. Қызметкер ерекше қажеттіліктері бар жасөспірімдердің қабылдау ерекшеліктерін, коммуникация тәсілдерін, эмоциялық реакцияларын және қолдау қажет ететін тұстарын білуі тиіс. Кадрлық дайындық үздіксіз сипатта болғаны маңызды: кітапханашылар арнайы тренингтерден өтіп, көмекші технологияларды қолдануды меңгеріп, этикалық коммуникация қағидаларын тәжірибеде қолдануға дағдылануы қажет. Мұнда кітапханашының рөлі «бақылаушы» емес, «делдал-үйлестіруші» ретінде көрінеді: ол қатысушылардың өзара қарым-қатынасын реттейді, қолайлы ахуал қалыптастырады, тапсырмаларды бейімдейді және әркімнің әлеуетін ашуға жағдай жасайды.

Медиа сауаттылық жобалары жасөспірімдердің ақпараттық қауіпсіздігін күшейтеді: интернеттегі этика, жалған ақпаратты ажырату, кибербуллингтің алдын алу мәдениеті қалыптасады. Ерекше қажеттіліктері бар жасөспірімдер үшін тапсырмалар қадамдық түрде беріліп, визуалды үлгілермен сүйемелденеді, жұмыс қарқыны мүмкіндіктеріне қарай икемделеді. Осы бағыттағы маңызды бөлік – жасөспірімнің өз медиаөнімін жасау тәжірибесі (қарапайым блог, шағын видео, аудиоөңгіме, постер, презентация). Бұл өзін танытуға жағдай жасап, «цифрлық қоғамда менің де орным бар» деген сенімді күшейтеді.

Кітапханадағы инклюзивті жобалардың басты нәтижесі – әлеуметтенудің күшеюі. Жасөспірім құрдастарымен араласып, ортақ әрекетке қатысу арқылы әлеуметтік оқшауланудан алыстайды, коммуникациялық тәжірибе жинақтайды және топ ішінде өзін қауіпсіз сезінуді үйренеді. Рөлдердің бөлінуі және ортақ нәтиженің құрылуы жауапкершілік, мақсаткерлік, табандылық секілді тұлғалық қасиеттерді дамытады; өзін-өзі бағалау мен өзіндік тиімділік сезімі нығаяды. Инклюзивті топтағы басқа қатысушылар эмпатияны тәжірибе арқылы меңгеріп,

«өзгешелікті» табиғи қабылдау мәдениетін қалыптастырады.

Инклюзивті жобаны ұйымдастыру аудитория қажеттілігін айқындаудан басталады: мақсатты топтың ерекшелігі, қолжетімділік кедергілері және ресурстық мүмкіндік сараланады. Одан кейін жоба мақсаты мен күтілетін нәтижелер нақтыланып, мерзімдік жоспар құрылады; бағдарлама бейімделеді, материалдар іріктеледі, қатысу тәсілдері белгіленеді; серіктестермен жұмыс ұйымдастырылып, қажет мамандар тартылуы мүмкін. Іске асыру барысында әр кездесудің соңында қысқа мониторинг жүргізіліп, ұйымдастыру сапасы мен қатысушы белсенділігі бағаланады. Қорытынды кезеңде нәтижелер жинақталып, тиімділік көрсеткіштері талданады және келесі циклге түзетулер енгізіледі. Осылайша жобалық тәсіл инклюзивті қызметті «бір реттік шара» емес, үздіксіз даму жүйесіне айналдырады.

Мәдениет мекемелері, соның ішінде кітапханалар инклюзивті қоғам құру үдерісінде маңызды рөл атқарады. Кітапхананың инклюзивті жұмысы жасөспірімнің оқырмандық мәдениетін дамытумен қатар, оның әлеуметтенуін күшейтіп, өзін қауіпсіз ері қабылдаған сезінетін ортада тұлғалық дамуына мүмкіндік береді. Инклюзивті қызметті дамытудың сапалық жаңа стратегиясы ретінде жобалық тәсіл ерекше маңызға ие: ол жұмысты жүйелейді, ресурстық желіні кеңейтеді және нәтижені бағалау мәдениетін орнықтырады. Сондықтан қолжетімді орта құру, кадрлық дайындықты күшейту, бағдарламаны бейімдеу және ұйымаралық ынтымақтастықты дамыту инклюзивті жобалардың табысты іске асуының негізгі шарттары ретінде қарастырылуы тиіс.

Альбина АХАНОВА,
филология факультетінің тәрбие ісі
жөніндегі декан орынбасары

Кітап - адам санасын қалыптастыратын күш пе, әлде оны бағыттайтын құрал ма?

Қазіргі ақпарат тасқыны дәуірінде адам санасына әсер ететін факторлар сан алуан. Әлеуметтік желі, қысқа бейне, жедел жаңалық – бәрі де ойымызды бөлшектеп, назарымызды бытыратып барады. Осындай жағдайда адамды терең ойға жетелейтін, ішкі дүниесін қалыптастыратын бірден-бір рухани тірек – кітап. Бірақ кітаптың табиғаты қандай? Ол адам санасын қалыптастыратын күш пе, әлде тек бағыт көрсететін құрал ма? Бұл сұраққа жауап іздеу үшін кітаптың адам болмысына әсерін нақты мысалдар арқылы зерделеу қажет. Кітап – ең алдымен ойлау мәдениетін қалыптастыратын құрал. Адам кітап оқу арқылы тек ақпарат алып қоймайды, ол өз ойын жүйелеуді, пікір қалыптастыруды, талдауды үйренеді. Әсіресе көркем әдебиет адамның ішкі әлеміне ерекше ықпал етеді. Ол оқырманды басқа тағдырлармен таныстырып, өз өміріне сырттай қарауға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, кітап адам санасын қалыптастыратын күш ретінде көрінеді.

Мәселен, Гауһартас - қазақ прозасындағы терең психологиялық туындылардың бірі. Дулат Исабеков бұл шығарма арқылы қарапайым отбасы өміріндегі күрделі рухани қайшылықтарды ашады. Өңгімедегі басты кейіпкер Салтанат – нәзік, мейірімді, төзімді жан. Оның ішкі жан дүниесі, сүйіспеншілігі, адамгершілігі оқырманға терең әсер етеді. Ал күйеуі Тастанның қаталдығы, салқынқандылығы – адам бойындағы рухани жұтаңдықтың көрінісі. Бұл шығармада кітаптың адам санасын қалыптастырудағы рөлі айқын байқалады. Оқырман Салтанаттың тағдыры арқылы мейірімнің, түсіністіктің, адамгершіліктің құндылығын сезінеді. Яғни, шығарма дайын қорытынды ұсынбайды,

керісінше оқырманды ойлануға мәжбүр етеді. «Неліктен Тастан осындай?», «Салтанаттың тағдыры неге бұлай аяқталды?» деген сұрақтар адам санасында өздігінен туындайды. Демек, кітап тек ақпарат беріп қана қоймай, адамды ішкі диалогқа тартады. Бұл - оның бағыттаушы құрал екенін дәлелдейді. Сонымен бірге, «Гауһартас» әңгімесі кітаптың қалыптастырушы күш екенін де көрсетеді. Себебі, бұл шығарманы оқыған адам отбасы құндылықтарына, адамгершілікке, қарым-қатынас мәдениетіне басқаша қарай бастайды. Әсіресе жастар үшін бұл шығарма үлкен өмір сабағы іспетті. Ол адамға тек не істеу керектігін ғана емес, не істемеу керектігін де ұғындырады.

Осылайша кітап адамның дүниетанымына ықпал етіп, оның ішкі ұстанымдарын қалыптастырады. Дегенмен, кітаптың ықпалы оқырманның қабылдауына тікелей байланысты. Бір адам «Гауһартас» оқып, Салтанаттың мейірімін үлгі тұтса, екіншісі Тастанның мінезін сабақ алуы мүмкін. Яғни кітап бір ғана ойды міндеттемейді. Ол әр адамға әртүрлі әсер етеді. Бұл – кітаптың әмбебаптығын көрсетеді. Осы тұрғыдан қарағанда, кітап - бағыт беретін құрал. Ол жол көрсетеді, бірақ таңдау еркіндігін оқырманның өзіне қалдырады. Қазіргі қоғамда кітаптың рөлі туралы пікірлер сан қилы. Кейбіреулер оның маңызы төмендеп барады десе, енді бірі керісінше, оның құндылығы арта түсті дейді. Шын

мәнінде, кітаптың формасы өзгергенімен, мазмұны өзгермейді. Электронды формат, аудиокітап – бәрі де сол бір мақсатқа қызмет етеді: адам санасына әсер ету. Бірақ мәселе кітаптың бар-жоғында емес, оны қалай оқитынымызда. Кітап оқу – тек мәтінді көзбен шолу емес, ол – ой еңбегі. Егер оқырман шығарманы терең түсініп, кейіпкерлердің әрекетін талдап, өз өмірімен байланыстыра алса, онда кітап шын мәнінде оның санасын қалыптастырады. Ал егер кітап үстірт оқылса, оның әсері де әлсіз болады. Сондықтан кітаптың ықпалы оның мазмұны мен оқырманның қабылдау мәдениетінің тоғысында жүзеге асады. Айта келе, кітап – адам санасын қалыптастыратын да, бағыттайтын да ерекше рухани құбылыс. Ол оқырманға дайын шындықты ұсынбайды, керісінше оны іздеуге жетелейді. «Гауһартас» секілді туындылар арқылы біз кітаптың адам жанына қаншалықты терең әсер ететінін көреміз. Ол бізге өмірді түсінуге, адамдарды бағалауға, өзімізді тануға көмектеседі. Сондықтан кітапты тек құрал немесе тек күш деп бөле қарастыру жеткіліксіз. Ол – адамның рухани дамуының өзегі. Ал оны қалай пайдалану – әр адамның өз қолында. Кітапты түсініп оқыған адам ғана өз санасын қалыптастырып, өмір жолын саналы түрде таңдай алады.

АЯЖАН АБУХАН,
ҚТӘ-31 студенті, Қазақстан Республикасы
Президенті атындағы шекіртақы иегері

«Махаббат бар ма?»

қойылымы көрермен назарына ұсынылды

Мәдениет және өнер факультетінің студенттік «Мұрагер» театры кезекті қойылымын сахналады. «Махаббат бар ма?» атты туындының авторы – жас драматург Мұрат Қолғанат, ал қойылымның режиссері – «Режиссура» білім беру бағдарламасының 4-курс студенті Исатай Әсет.

Қойылымда адам жанының нәзік иірімдері, сенім мен күдіктің, махаббат пен сатқындықтың өзара байланысы терең мазмұнда ашылған. Сюжет желісі Ержан мен Инкәр арасындағы махаббат хикаясынан бастау алады. Алайда олардың арасындағы түсінбеушілік шиеленіске ұласып, кейіпкерлердің қарым-қатынасына кері әсерін тигізеді.

Оқиға барысында күтпеген жағдай орын алып, үйге Ая мен Мәриям есімді екі бойжеткен келеді. Олар өздерін осы үйде тұратын жігіттің қыздарымыз деп таныстырады. Аталған жайт оқиға желісін одан әрі күрделендіріп, негізгі кейіпкер Инкәрдің жан дүниесіне ауыр соққы болып тиеді. Сонымен қатар бойжеткендердің аяғы ауыр екендігі туралы мәлімет драмалық тартысты күшейте түседі. Кейіннен оқиға желісінде шындық ашылып, Ая мен Мәриямның Ержанмен емес, Серік есімді азаматпен

танысқаны анықталады. Пәтер мекенжайының қате берілуі орын алған түсінбеушіліктің басты себебі ретінде көрсетіледі.

Қойылым соңында кейіпкерлердің жан дүниесінде орын алған сенім дағдарысы мен ішкі күйзеліс көрерменге ой салады. Туынды махаббат пен сенімнің өзара тығыз байланысын айқындай отырып, адамгершілік құндылықтарды тереңінен пайымдауға мүмкіндік береді. Аталған қойылымда мәдениет және өнер факультетінің жас актерлері өз рөлдерін жоғары деңгейде орындап, көрермен тарапынан оң бағасын алды.

А.А.СҮНДЕТҚАЛИЕВА,

Хореография, режиссура және мәдени тынығу жұмысы білім беру бағдарламасының аға оқытушысы



Қалалық көрме залында жүрекке жылу сыйлаған тағылымды әрі мәні терең мәдени шара өтті. Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде ұзақ жылдар бойы жемісті еңбек еткен, КСРО және Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, философия ғылымдарының кандидаты Айбар Ғалымұлы Сейтімұлының 65 жылдығына арналған «Қылқаламды қалап өді...» атты еске алу көрмесінің салтанатты ашылуы ұйымдастырылды.



Аталған шара марқұмның отбасы мен ұрпақтарының бастамасымен, сондай-ақ мәдениет және өнер факультеті әріптестерінің ұйытқы болуымен жоғары деңгейде өтті. Көрмеге суретшінің жеке қорында сақталған таңдаулы туындылары қойылып, оның бейнелеу өнері саласына қосқан сүбелі үлесі жан-жақты насихатталды. Көрермен қауым қылқалам шеберінің шығармашылық мұрасымен тереңірек танысуға мүмкіндік алды. Көрменің ашылу рәсімінде Жастар мәдениет сарайының басшысы Асыланбек Шайхин сөз сөйлеп, Айбар Ғалымұлының жарына құрмет білдірді. Сонымен қатар Қазақстан Суретшілер одағы Батыс Қазақстан облыстық филиалының төрағасы Асқат Әбдешев ұстазы

Өшпес із қалдырған тұлға



әрі әріптесі жайлы жүректарды естеліктерімен бөлісіп, оның тұлғалық болмысы мен кәсіби шеберлігіне ерекше тоқталды. Сондай-ақ замандастары мен туыстары да естеліктер айтып, суретшінің адамгершілік келбеті мен өнердегі орнына жоғары баға берді.

Шара аясында Айбар Сейтімұлының ұрпақтары студенттер арасында ұйымдастырылған шығармашылық байқаудың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттап, ақшалай сыйлықтар табыстады. Бұл – ұрпақтар сабақтастығын жалғастырып, өнерге деген құрметті

арттыруға бағытталған игі бастама болды. Жарты ғасырға жуық ғұмырын өнер мен білімге арнаған Айбар Ғалымұлы Сейтімұлы саналы өмірінде талай шәкірт тәрбиелеп, ұлттық мәдениеттің дамуына өлшеусіз үлес қосты. Оның есімі – шәкірттері мен әріптестерінің жүрегінде, ал шығармашылық мұрасы – өнер әлемінде мәңгі сақталары сөзсіз.

Асхат АБДЕШЕВ,

Мектептегі көркем еңбек және дизайн мұғалімдерін, сән және дизайн мамандарын даярлау БББ аға оқытушысы

Тарих тағылымы және батырлар мұрасы

Ұлы Отан соғысының тарихы мен батырлар ерлігі - ұрпақ жадында мәңгі сақталуы тиіс қасиетті мұра. Осы бағытта Ахмедяр ағайдың атқарып жүрген еңбегі ерекше құрметке лайық. Кездесу барысында ол соғыс жылдарындағы қазақ батырларының ерлігі туралы әсерлі әңгімелер айтып, майдан даласында Отан үшін жанын қиған азаматтардың тағдырын таныстырды. Сонымен қатар елге оралмай қалған, тағдыры ауыр кезеңдермен байланысқан адамдар жайлы да деректер келтіріп, олардың өмір жолын ұмытпау керектігін атап өтті.

Ахмедяр ағайдың қолында көптеген құжаттар мен кітаптар жинақталған. Ол кісі жылдар бойы майдангерлердің тарихын зерттеп, олардың есімдерін халық жадында сақтау жолында еңбек етіп келеді. Осындай жұмыстар арқылы «Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмайды» деген сөздің мағынасы тереңірек сезіледі. Менің ойымша, мұндай кездесулер жастар үшін өте маңызды. Себебі бүгінгі ұрпақ соғыс көрмесі де, ата-бабаларымыздың ерлігі мен қайсарлығын білуге міндетті. Батырлардың ерлігі - біз үшін үлкен өнеге, ал тарихи жадыны сақтау - әр азаматтың парызы.

Дияс ҚҰРМАНҒАЛИ,
Ист-43 студенті



Қыз тәрбиесі - ұлт болашағының өзегі

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде «Отбасы және қыз тәрбиесі» тақырыбында рухани-танымдық кездесу өтті. ИЯ-25 тобының ұйымдастыруымен өткен бұл кеш мазмұнды диалог алаңына айналып, студент жастарға терең тағылым берді.

Қазақ қоғамында қыз тәрбиесіне айрықша мән берілгені белгілі. «Қыз - ұлттың ұяты, халықтың шырайы» деген ұстаным ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, ұлттық тәрбиенің өзегіне айналды. Аталған кездесудің негізгі мақсаты - осы құндылықтарды қазіргі жастар санасында жаңғырту, қыз баланың қоғамдағы рөлі мен отбасындағы орнын кеңінен талқылау болды.

Кештің құрметті қонағы - белгілі ұстаз, қоғам қайраткері, «Ене тағылымы» кітабының авторы Тамара Нәбиқызы Сейтақова. Кездесуді университеттің тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректоры Мерген Қуанышұлы ашып, шараның тәрбиелік маңызына тоқталды.

Кездесу барысында қонақ пен студенттер арасында ашық әрі еркін форматтағы сұхбат өрбіді. Тамара Нәбиқызы жастардың сауалдарына жауап беріп қана қоймай, өзінің өмірлік тәжірибесімен бөлісіп, ана тәрбиесінің маңызы туралы тағылымды ойлар айтты. Бұл пікірлер студенттердің ой-өрісін кеңейтіп, ұлттық құндылықтарға деген көзқарасын тереңдетті. Шара аясында студенттердің өнері де көпшілік назарына ұсынылды. ИЯ-31 тобының студенті Мадина Абдушева «Ерке сұлқым» күйін орындап, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Сондай-ақ қазақ биі кештің көркін арттырды. Кеш соңында Мадина ағылшын тілінде



ән шырап, өзінің жан-жақты өнер иесі екенін тағы бір мәрте дәлелдеді. Іс-шараны Айгүл Бисембаевна қорытындылап, қонаққа алғыс білдіріп, топ атынан естелік сыйлықтар табыстады.

А.Б. НАСИМУЛЛИНА,
ИЯ-25 тобының кураторы, аға оқытушы, магистр

Г.Қ. ҚАНАТОВА,
ИЯ-25 тобының студенті

Западно-Казакстанского университета имени Махамбета Утемисова наполнился особым дыханием – дыханием народной памяти. Здесь прошло театрализованное фольклорное представление «Живое наследие Евгения Ивановича Коротина», приуроченное к 100-летию ветерана университета, кандидата филологических наук, доцента, уральского фольклориста и исследователя казачьей традиции. Это был не просто концерт и не просто учебное мероприятие. Это был вечер, в котором ожила история.

СУНДУК НАРОДНОЙ ПАМЯТИ



Инициатор и вдохновитель мероприятия – старший преподаватель образовательной программы «Подготовка учителей по языкам и литературе» Эльмира Разаковна Абузярова. Представление стало ярким итогом изучения курса «Русское устное народное творчество». На сцене – студенты первого курса русской филологии и факультета культуры и искусства.

С первой минуты покорила атмосфера праздника. Не выверенная до академической строгости, не сценически отточенная, а душевная, теплая, искренняя. Здесь звучали не просто тексты – звучала душа. Каждое слово, жест, интонация были наполнены уважением к народной

культуре, будто передавались из уст в уста, от поколения к поколению.

Сценическая концепция строилась вокруг образа «сундука народной памяти». И этот сундук действительно открывался. Один за другим, словно драгоценности, появлялись фольклорные «сокровища»: песни, хороводы, ярмарочные сцены, театр Петрушки. Особую радость зрителям подарила ярмарка, с ее зазывалами, шутками, загадками и живым диалогом со зрительным залом. В этот момент граница между сценой и аудиторией исчезла, и зал стал частью народного праздника.

Но за всей этой яркостью стояла глубокая мысль. Это

был вечер-посвящение человеку, благодаря которому народная культура не просто изучалась, а сохранялась и продолжает жить.

Евгений Иванович Коротин – имя, за которым стоит огромный труд. Десятки экспедиций, тысячи записанных текстов, сотни песен. Он ездил по станицам и селам Урала, слушал, записывал, бережно сохранял. И в этот вечер его наследие зазвучало по-новому – не только как научный материал, но как живая традиция: в голосах студентов, в песнях, в движении, в дыхании сцены.

Особое впечатление на зрителей произвело выступление студенческого ансамбля «Песни Урала» под руководством Татьяны Александровны Самсоновой. Благодаря ей студенты освоили ранее незнакомый им репертуар уральских казачьих песен и сумели передать их характер, глубину и внутреннюю силу. В завершение мероприятия руководитель ансамбля вручила участникам благодарственные письма от Фольклорно-этнографического казачьего центра «Яик».

Важно, что представление стало не только учебным, но и просветительским событием. Студенты смогли познакомиться с русским народным творчеством зрителем из других факультетов, сделав фольклор понятным, доступным и интересным для современной аудитории.

Среди гостей были представители культурной общественности города, в том числе руководитель Центра русской культуры Сергей Быков, а также постоянные участники краеведческих встреч Уральска.

Особенно приятно было наблюдать, как раскрылись первокурсники. Они не просто исполняли песни, а проживали каждую сцену. Театрализация, танцы, хороводы создавали эффект полного погружения. В каждом номере чувствовалось, сколько труда, искренности и вдохновения вложено в каждое выступление. И, возможно, эти яркие, теплые моменты они пронесут через годы и, встретившись однажды, скажут друг другу: «А помните...». И в этих словах будет все: и радость, и благодарность, и память о первом настоящем творческом опыте.

Настоящим украшением вечера стало выступление профессиональных исполнителей с песней «Едил мен Жайык» и танцевального коллектива «Арна». Их номера добавили событию особую яркость и завершенность.

Финал прозвучал символично: сундук народной памяти остался открытым. Эта метафора точно отразила главный смысл события. Народная культура не принадлежит только прошлому, она живет, пока ее помнят, исполняют и передают дальше.

Проведенное мероприятие стало ярким примером того, как учебный процесс может превращаться в настоящее культурное событие, объединяющее поколения, факультеты и традиции.

Карлыга УТЕГЕНОВА,
доцент ОП «Подготовка учителей по языкам и литературе»



Қазақ поэзиясында әр ақынның өзіндік үні, дара қолтаңбасы болады. Солардың ішінде нәзік сезімді, терең толғанысты, сыршыл лириканы биік деңгейге көтерген ақындардың бірі - Күләш Ахметова. Оның поэзиясы ішкі жан дүниенің нәзік иірімдерін бейнелеуімен, адам жүрегінің терең сырларын ашуымен ерекшеленеді. Ақын шығармашылығы оқырманды сезім әлеміне жетелеп,

өмірдің мәні мен адам болмысы туралы ойлануға шақырады. Сондықтан Күләш Ахметованы қазақ поэзиясындағы нәзік лириканың жарқын өкілі деп тану орынды. Күләш Ахметова поэзиясының басты ерекшелігі – шынайылық. Ақын жасанды пафостан аулақ, қарапайым өмірдің ішкі сырларын ашуға ұмтылады. Оның өлеңдерінде артық әсірелеу жоқ, керісінше, шынайы сезім, табиғи ой, жүректен шыққан сыр басым. Ақын адамның ішкі әлеміне үңіліп, оның қуанышы мен мұңын, сағынышы мен үмітін көркем тілмен жеткізеді. Осы қасиеті оның шығармаларын оқырманға жақындата түседі. Ақын поэзиясындағы негізгі тақырыптардың бірі - адам жанының тереңдігі. Күләш Ахметова өлеңдерінде адамның ішкі сезімі, рухани толғанысы, өмірге деген көзқарасы нәзік өріледі. Ол қарапайым өмір көріністерінен үлкен философиялық ой түйеді. Ақын үшін сезім - поэзияның

КҮЛӘШ АХМЕТОВА - нәзік лириканың жарқын өкілі

өзегі. Сондықтан оның жырларында лирикалық кейіпкердің жан дүниесі анық көрінеді. Бұл - нәзік лирикаға тән басты белгі. Күләш Ахметова шығармашылығында әйел әлемі ерекше орын алады. Ақын әйелдің ішкі сезімін, аналық мейірімді, махаббат пен сағынышты нәзік бейнелейді. Оның өлеңдерінде әйел бейнесі тек нәзіктік символы ғана емес, рухани беріктіктің де көрінісі. Ақын әйел болмысының тереңдігін ашып, оның қоғамдағы орнын айқындайды. Бұл тақырып оның поэзиясын мазмұндық тұрғыдан байыта түседі. Ақын поэзиясында махаббат тақырыбы да ерекше орын алады. Бірақ бұл махаббат - тек екі адамның арасындағы сезім ғана емес, өмірге, туған жерге, адамзатқа деген сүйіспеншілік. Күләш Ахметова махаббатты кең мағынада түсінеді. Оның жырларында сағыныш, үміт, сенім секілді сезімдер қатар өріледі. Ақын махаббатты адам жанының ең таза күйі ретінде бейнелейді. Күләш Ахметова поэзиясында табиғат көріністері де нәзік лиризммен беріледі. Ақын табиғатты адамның ішкі күйімен байланыстырады. Жаңбыр, жел, күз, көктем сияқты табиғат құбылыстары ақын жырында символдық мәнге ие болады. Табиғат арқылы ақын адамның көңіл күйін жеткізеді. Бұл - оның лирикалық шеберлігін көрсетеді. Ақын шығармашылығында уақыт пен заман мәселесі де көрініс табады. Күләш Ахметова қазіргі қоғамдағы өзгерістерді сезім арқылы бейнелейді. Ол адамның рухани әлеміне

назар аударып, өмірдің мәні туралы ой қозғайды. Ақын жырлары оқырманды сабырлыққа, ойлылыққа, рухани тазалыққа шақырады. Бұл оның поэзиясының тәрбиелік мәнін арттыра түседі.

Күләш Ахметова тілдік шеберлігімен де ерекшеленеді. Оның өлеңдері қарапайым болғанымен, мағынасы терең. Ақын сөзді үнемді қолдана отырып, үлкен ой жеткізеді. Бейнелі тіркестер, нәзік метафоралар, ішкі әуезділік – оның поэзиясының басты белгілері. Бұл қасиеттер оның шығармашылығын нәзік лирика деңгейіне көтереді. Күләш Ахметова поэзиясының тағы бір ерекшелігі - ішкі тыныштық пен сабыр. Ақын жырларында асығыстық жоқ, керісінше терең толғаныс бар. Ол өмірге философиялық тұрғыдан қарап, әрбір құбылыстан мән іздейді. Ақын үшін поэзия - жүрек сыры. Сондықтан оның өлеңдері оқырманға әсерлі, ойлы болып келеді. Қазақ поэзиясында нәзік лирика бағыты ерекше орын алады. Бұл бағыт адам жанының терең сезімдерін бейнелеуге негізделген. Күләш Ахметова осы бағытты жаңа деңгейге көтерген ақындардың бірі. Оның шығармашылығы қазақ әдебиетінің рухани байлығын арттырды. Ақын жырлары оқырман жүрегінен орын тауып, кең таралды.

АЯЖАН АБУХАН,

ҚТӘ-31 тсуденті, Қазақстан Республикасы Президенті атындағы шәкірталқы иегері

Көктем — табиғаттың қайта жаңғыру кезеңі

Жыл мезгілдерінің ішінде адам жанына ерекше жылылық сыйлайтын, табиғаттың жаңа тынысын сездіретін мезгіл – көктем. Қыстың қатаң ызғары мен ұзақ түндерінен кейін жер бетіне шуақ төгіліп, айнала тіршілікке тола бастайды. Табиғаттың қайта жанданып, әрбір ағаштың бүршік атып, әрбір гүлдің қауыз жаруы – көктемнің ең әсем көріністерінің бірі. Сондықтан да халық көктемді үміт пен жаңарудың, жақсылық пен қуаныштың символы ретінде қабылдайды. Көктем – табиғаттың ғана емес, адам өмірінің де жаңару кезеңі. Ұзақ қыстан кейін күннің шуағы көбейіп, жер беті жылына бастайды. Қар еріп, өзен-көлдер тасып, жер бусанады. Бұл мезгіл – табиғаттағы тіршіліктің қайта жанданып, жаңа өмірдің бастау алатын шағы. Ағаштар бүршік жарып, дала жасыл түске еніп, құстар жылы жақтан қайта оралады. Осындай көріністер адамның көңіл-күйіне ерекше әсер етіп, жан дүниесіне серпіліс береді. Қазақ халқы үшін көктемнің орны ерекше. Көшпелі өмір салтын ұстанған ата-бабаларымыз табиғаттың әрбір өзгерісін мұқият бақылап отырған. Көктем – мал төлдеп, тіршілік қыза түсетін кезең. Бұл мезгілде даланың көркі ерекше құлпырып, табиғаттың бар байлығы көзге анық көрінеді. Сондықтан халқымыз көктемді берекенің, молшылықтың бастауы деп бағалаған. Көктем келгенде дала тіршілігі ерекше құлпырады. Қар еріп, жердің тоңы жібіп, топыраққа жан біткендей болады. Ағаштардың бұтақтарында бүршіктер пайда болып, көп ұзамай жасыл жапырақтар жайқалады. Әсіресе далалық аймақтарда көктемнің алғашқы гүлдері – бәйшешек пен қызғалдақтар жер бетін түрлі түске бояйды. Бұл табиғаттың адамға сыйлаған ерекше әсемдігі іспетті. Көктем – тек табиғаттың ғана емес, адамның да жаңарып, серпілетін кезеңі. Ұзақ қыстан кейін адамдардың да көңіл-күйі көтеріліп, өмірге деген құлшынысы арта түседі. Күннің шуағы мен таза ауа адамның денсаулығына да оң әсер етеді. Табиғаттағы әрбір өзгеріс адамға үміт сыйлап, жаңа бастамаларға жол ашады. Қазақ халқының мәдениетінде көктем ерекше мағынаға ие. Көктем – жаңа жылдың басталуымен де байланысты. Халық бұл мезгілді жаңа өмірдің, жаңа мүмкіндіктердің бастауы деп қабылдаған. Сондықтан көктем келгенде адамдар бір-біріне ақ тілектер айтып, жаңа жылды жақсылықпен қарсы алуға тырысқан.

Көктем – еңбек маусымының да басталатын шағы. Ауыл шаруашылығымен айналысатын халық үшін бұл мезгілдің маңызы зор. Жер жыртылып, егін егу жұмыстары басталады. Диқандар үшін көктем – үлкен үміт пен еңбектің бастамасы. Жерге себілген әрбір дән болашақтағы мол өнімнің негізі болып табылады. Көктемнің тағы бір ерекшелігі – табиғаттағы әсем дыбыстардың көбейе түсуі. Құстардың сайрауы, өзен суларының сылдыры, желдің жұмсақ самалы – мұның барлығы көктемнің әуеніндей әсер қалдырады. Әсіресе

таңертеңгі уақытта құстардың әні айналаны ерекше бір тыныштық пен сұлулыққа бөлейді. Көктем – адамға шабыт сыйлайтын мезгіл. Көптеген ақын-жазушылар мен суретшілер көктем табиғатын өз шығармаларына арқау еткен. Өйткені бұл мезгілдің сұлулығы, табиғаттың жаңаруы шығармашылыққа ерекше әсер етеді. Көктем туралы жазылған өлеңдер мен өңгімелерде көбінесе өмірдің жаңаруы, адамның үміті мен арманы бейнеленеді. Көктем мезгілі – адамдарды табиғатқа жақындата түсетін уақыт. Адамдар серуенге шығып, таза ауада демалып, табиғаттың әсемдігін тамашалайды. Бұл – адамның рухани дүниесіне де жағымды әсер ететін ерекше кезең. Табиғаттың жаңаруы адамға өмірдің жалғасын жатқанын, әрбір күннің жаңа мүмкіндік екенін еске салады. Көктемнің тағы бір маңызды ерекшелігі – оның тәрбиелік мәні. Табиғаттағы өзгерістерді бақылау арқылы адам өмірдің заңдылықтарын түсіне бастайды. Әрбір гүлдің ашуы, әрбір ағаштың бүршік жаруы – тіршіліктің үздіксіз жалғасатынын көрсетеді. Бұл құбылыстар адамға төзімділік пен үміттің маңызын түсіндіреді. Қазақ халқы табиғатпен етене өмір сүрген халық болғандықтан, жыл мезгілдерінің әрқайсысына ерекше мән берген. Соның ішінде көктем – ең қуанышты әрі ең үмітті кезеңдердің бірі. Көктем келгенде халық табиғаттың жаңаруын қуанышпен қарсы алып, жаңа бастамаларға сеніммен қарайды. Көктем – тек табиғат құбылысы ғана емес, ол – өмірдің символы. Қыстың суығы мен қиындықтарынан кейін келетін бұл мезгіл адамға сабыр мен үміттің маңызын көрсетеді. Әрбір қыс артынан міндетті түрде көктем келетіндей, адам өміріндегі қиындықтардың артынан да жарқын күндер келетініне сенім береді. Бүгінгі таңда да көктемнің мәні өзгерген жоқ. Қалада өмір сүретін адамдар да бұл мезгілді ерекше күтеді. Қар еріп, күн жылыған кезде адамдардың жүзінде қуаныш пайда болып, айналаға жаңа өмірдің тынысы тарайды. Бұл – табиғаттың адам өмірімен тығыз байланыста екенін көрсететін ерекше құбылыс. Көктем – жаңару мен үміттің мезгілі. Ол табиғаттың сұлулығын паш етіп қана қоймай, адамның жүрегіне де жылулық сыйлайды. Сондықтан көктем келген сайын адамдар жаңа жоспарлар құрып, болашаққа сеніммен қарайды. Көктем – табиғаттың ең әсем әрі ең ерекше кезеңдерінің бірі. Бұл мезгіл – тіршіліктің қайта жанданып, жер бетінің гүлденетін уақыты. Көктем адамға қуаныш пен шабыт сыйлап, өмірдің әсемдігін сезінуге мүмкіндік береді. Табиғаттың жаңаруымен бірге адам да рухани тұрғыдан жаңарып, жаңа бастамаларға қадам басады. Сондықтан да көктем – тек жыл мезгілі ғана емес, ол – үміттің, жаңарудың және өмірдің мәңгілік жалғасының белгісі.

АЯЖАН АБУХАН,

ҚТӘ-31 Қазақстан Республикасы Президенті атындағы шәкірталқы иегері

«Қарагөз» бен «Отелло»: махаббат трагедиясының екі кыры

Әлем әдебиетінде махаббат тақырыбы әрдайым маңызды орын алады. Соның ішінде Мұхтар Әуезовтің «Қарагөз» трагедиясы мен Уильям Шекспиртің «Отелло» шығармасы - адам тағдырын, сезім қайшылығын терең бейнелеген туындылар. Бұл екі шығарма әр түрлі мәдениетте жазылғанымен, ортақ тақырыптары мен идеялары бар. Екі шығармада да басты тақырып - махаббат пен оның қайғылы аяқталуы. «Қарагөзде» Қарагөз бен Сырым арасындағы махаббат әлеуметтік дәстүрлер мен рулық заңдарға байланысты жүзеге аспайды. Ал, «Отеллода» - Отелло мен Дездемона арасындағы сүйіспеншілік қызғаныш пен сенімсіздіктің құрбанына айналады. Алайда, бұл екі трагедияның басты айырмашылығы – қақтығыстың себебінде. «Қарагөзде» негізгі қайшылық - қоғам мен жеке адамның арасындағы тартыс. Қазақтың салт-дәстүрі мен ескі көзқарасы екі жастың бақытты болуына кедергі жасайды. Ал «Отеллода» трагедияның түп-төркіні – адамның ішкі психологиясында. Яғоның айласы арқылы Отеллоның бойында қызғаныш пайда болып, ол өз сүйіктісіне сенімсіздік танытады. Сонымен қатар кейіпкерлердің тағдырында да айырмашылық бар. Қарагөз махаббат жолында психологиялық күйзеліске ұшырап, ақыл-есінен айырылады. Ал Отелло өз әрекетінің салдарын кеш түсініп, трагедияға өзі себепкер болады. Бұл жерде Шекспир жеке адамның жауапкершілігін алға тартса, Әуезов қоғамның әсерін көрсетеді. Екі шығарма да оқырманға терең ой салады. Олар махаббаттың тек сезім ғана емес, сонымен бірге сенім мен еркіндікке негізделетінін көрсетеді. Егер осы құндылықтар бұзылса, трагедияның туындыау заңды құбылыс. Қорытындылай келе, «Қарагөз» бен «Отелло» – әр түрлі мәдениеттің жемісі болғанымен, адамзатқа ортақ мәселелерді көтеретін туындылар. Олар махаббаттың нәзіктігін, қоғам мен адамның ішкі әлемінің күрделі байланысын шебер бейнелейді.

Әсел ЖАСҰЛАН,
ИЯ-31 топ студенті

2016 жылы қаңтардың 30-ынан бастап шығады-Издається с 30 января 2016 года

Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі.
Ахмет Байтұрсынұлы

ЖУРНАЛИСТ

№5 (91), мамыр 2026 жыл (Journalist)

Баубек Бұлқышев атындағы жас журналистер клубының жаршысы



■ Жақсы сөз - шипа, жаман сөз - шаншу

АТАЛЫ СӨЗ АТАН ТҮЙЕГЕ ТАТИДЫ

(Әмина Маметова – қазақ шешендік өнерін тұңғыш зерттеуші ғалым)

Қазақтың шешендік өнері – ұлттық ауыз әдебиетінің бір сом бұтағы ретінде қазақ фольклорының өзіндік бітім-болмысын айқындайтын, халық дүниетанымын көрсететін ерекше жанр. Әлеуметтік феномен тұрғысынан алғанда, шешендік дәстүр – белгілі бір әлеуметтік ортада, қоғамда қалайда бір адами оқиғаға байланысты қалыптасып, айрықша тапқырлықпен, суырыпсалмалықпен, көркем тілмен айтылатын үлгілі ойлар, идеялар, тұжырымдар үрдісі.

Ал сан алуан арналы халқымыздың тұңғыш ауыз әдебиеті көпшілік қауымның ықылым замандар бойғы өмірі әрекетінің қилы қалтарысты қырын терең қамтып, ақыл-ой санасы биігіндегі белесті сатыларын айқын айшықтайтын қомақты да мол саласы, құнарлы құндылық көзі – ата-баба дәуіріндегі айтқыш шешендердің, әсіресе, шешен-билердің сөздері. Алғашқыда шешендік сөздер туралы баспа бетінде еш нәрсе айтылмай келгені де мәлім. Тіпті, зерттелмеу былай тұрсын, ең алғашқы нұсқалары да күні кешеге дейін басылып шығып, жарық көрген де емес. Ал кейінгі мәліметтерге сүйенсек, халық аузынан жазып алынған шешен-билер сөздері де өз алдына бір шоғыр дүние. Атақты Ахмет Байтұрсынұлы әйгілі «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде шешен сөзге тұңғыш рет жан-жақты сипаттама берген. Қазақ шешендік сөздерін арнайы ғылыми тұрғыда алғаш зерделеген ғалым Әмина Маметова «Қазақтың шешен-билерінің сөздері және қазақ әдебиетіндегі оның орны» атты зерттеуінде ескі заманды елестететін ертекерден бастап шешендік сөз нұсқалары халықтың өлең жырларының, сан алуан дастандарының бәрінде де кездесетінін айтады. Ғалым Әмина Маметова: «КСРО Академиясының Қазақстандық филиалының тіл, әдебиет және тарих институты экспедицияларының, корреспонденттерінің, жеке ғылыми қызметкерлерінің бірнеше жылдар ішінде жиған ауыз әдебиеті материалдарын реттеген кезде халық аузынан жазып алынған шешен билер сөзі бірсыпыра болды. Әдебиет тарихының 1-ші томы жазылуымен қатар қазақ халқының бай ауыз әдебиеті белгілі жүйеге салынып, мазмұн, түр жағынан ғылыми зерттелді. Сол кезде қазақтың шешен билері, сөз тапқырлары айтқан сөздері өзгеше көңіл бөліп зерттеуді тіледі. Ауыз әдебиетінің бұл тарауын ғылыми тәртіпке сала келгенде, бұл өзі қазақ халқының әдебиет мұрасы ішінде көрнекті орын алатындығы байқалды, - деп жазады. Демек, қазақтың дуалы ауыз шешен-билері, сөз тапқырлары айтқан сөздер өзгеше көңіл бөле зерттеуді қалары сөзсіз. Бұл күн тәртібінен өлі де түскен жоқ. Ауыз әдебиетінің бұл саласын ғылыми жүйеге сала зерде сүзгісінен өткізе келсек, бұл өзі қазақ халқының әдебиет мұрасы ішінде көрнекті орын алары айқын байқалады. Ғалым Әмина Маметова тарапынан ұсынылған аталған зерттеуінің мақсаты – сол ертеде өткен айтқыш шешен-билердің, сөз тапқырлардың айтқан сөздерінің ұтқыр нұсқаларын жүйелеп ұсыну, мазмұнымен қатар түр жақтарының өзгешелігін аңғарту, бүгінгі сөз таныр жаңа ұрпаққа өнеге ету, жастарды ойлы шешен сөйлеу мәдениетіне баулу. Ғалымның айтуынша, шешен-билер сөздерінің фольклордан ерекшелігі – айтулы шешендердің аттары сөзімен бірге халықтың есінде тұтылып қалуы. Азды-көпті мәліметтерге, сөз мазмұнына үңіле келе, сол шешендердің қай кезеңде жасағаны, қоғамда қандай орын алғандығы, төңірегіне қалай әсер еткендігі хақында ой өрсек, ұлы шешен-билердің мектептері болғандығы, одан көріп, үйреніп, кейін талай сөз шеберлері шыққандығының байқалуы. Шешен-билер, айтқыштар сөздерін осы арнада талдау үстінде қоғамның зор құралы болған сөзді қазақ халқы пайдасына өте шебер асыра білгендігі көрінеді.

Қазақ халқының зор мақтаншыл боларлықтай мәдени бай мұраларының бірі де - шешен-би сөздері. Философиямен

қабысқан терең ой-пікірлер, арнасынан асқан ақыл, сезімді сергітіп, жүрек тербеткендей қажыр-қайрат, екпін, ынта, аңсаған әділдік, бой шымырлатып, жүйе босатарлықтай сөз - осылардың бәрі қазақ халқының ауыз әдебиетінің асылдығын көрсететін негізгі қасиеттер емес пе. Шешендерден қалған мұндай шебер сөздер, бір жағынан, қазақтың елдік, қоғамдық өмірінің барлық жақтарын елестететін айнасы болса, екіншіден, халықтың ой-пікірінің, сана-сезімінің, жалпы дүниетанушылық көзқарасының арнасын, жеткен кемелін көрсетерін аңғартса керек. Десек те, халқымыз «Көп атып мерген болмас, көп айтып шешен болмас» деп те түйеді. Әділетті сағалаған шешен-билердің, ақыл айтқан қадірлі ақсақалдардың атақ-даңқтарын іргелі қазақ еліне әйгілі еткен – олардың ұлт атынан, іргелі ел, аймақ атынан айтқан шешен сөздері, кесімді билік шешімдері, өмірдің өзгешеліктерін ақылға салып, өлшей айтқан болжал сөздері.

Қазақ «шешен» деп ойланбай, кенеттен орынды сөз тауып кемеліне келтіре сөйлеген адамға айтқан. Сұлу сөзді мағыналы етіп, ұтып сөйлейтін, ойлы жазатын адамды сөзге би, шешен адам екен деуі - кім-кімді де ойлантар таңғажайып тәрбие көзі де. «Би» атауы әуелде хан қасындағы кеңесшілерге айтыла тұрса да, кейін қалың көптің-халықтың өз арасынан шыққан айтқыштар да «би» аталған. Кейінірек «шешен», «би» сөздерінің мағынасы кірігіп, көбіне орынды айтқыш, шебер сөйлегіш тұрғысындағы ұғымды берген. Ғалым тұжырымдарына сүйенсек, қазақтың шешендік сөздерінің көбі бізге таза күйде жетпей ұмытылғаны өкінішті, әрине! Бірқатары ауыздан-ауызға көшіп жүргенде өзгеріп те кеткен. Болмаса, бір шешен бидің сөзін екінші шешеннің айтқаны деп жансақ айту да кездеседі. Бірақ қалай болса да, қазақ ауыз әдебиетінің, фольклорының ішінде ауызша айтылған сөздердің иесі бары, айтушының аты белгілісі – тек осы шешен-билер сөздері ғана. Аталы сөздері іргелі елге жайылып, шешендік даңқтары талай заманды басып өтіп, өзгермей, өшпей, мұра болған ақылгөй адамдар қазақ халқында жүздеп саналары қуантады. Өз басы ғана сөзге жүйрік емес, өз аталарын былай қойғанда, түү ата тегінен бері қарай, тұқым қуалап, төңірегінің көбі шешендікке ие болғандардың өзі сан алуан.

Бізге сөздері жеткен шешендердің көпшілігі Қазақ хандығы орнағаннан бастап көрінеді. Бірақ қазақ халқының ескі заманын суреттейтін батырлар жырларындағы Сыпыра жыраудың өзі көп заманды ішіне түйген, ғасырлар бойғы ұлы оқиғаларды ойына жинаған келешекті болжай сөйлейтін көрі құлақ, өткір де ақылгөй шешен адам болғандығы анық. Өңішпен жүйрік, дүлдүл, толғай-толғай сөйлеуде бұлбұлдай сайраған Тоқтамыстың тоғыз батыры Сыпыра жыраудың шалымына да келмей қалғанына не дерсіз!..

Қазақтың Үш жүзіне ортақ, сонау әріден келе жатқан Асан қайғы, Жиренше шешен, алдыңғы айтқан Сыпыра жыраулар-өткенді өрнектей ойына тізіп, кезеңін кеңінен қамтыған, келешекті болжағыш нағыз саңлақтар. Бүгінде шешендіктері шешеннен асып, батпан бұлды сөздері еттен өтіп, сүйекке жетіп, жазықтың жанынан түңілдірген сөз иелерінің атақтары Алтын орда хандығы ыдырап, Қазақ хандығы ерекшеленген замандардан бері қарай анықтала басталғаны айтылады. «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би» түйіні де аталы сөздердің арғы тегін іздеуден қалған қазақ мақалы болса керек-ті.

Зерттеуші ғалым ұсынған мәліметтерге қарағанда, жоғарыда аталған Майқы би сынды билер – Шыңғыс, Жошы заманында жасаған адамдар. Сондай-ақ жаныс Төле би, Саржан би, тобықты Әнет баба, арғын Қаздауысты Қазыбек, сүйіндік Айдабол би, Ормамбет би, Едіге би, керей Жәнібек би, Бекболат, Тіленші би, алшын

Әйтеке би, Қаржігіт би, Мәме би, Қара-Тоқа Есет би, Мөңке би сынды ауызы дуалы сөз дүлдүлдерінен қалған нақыл сөздер қажыры қас батырларға берілместей қамалдарды бұзған, екі ауыз аталы сөздерімен ердің құнын, рулы елдің ісін бітірген деседі. Қазақ халқының ертедегі елдік мәні бар істерінің бәрі осындай аталы сөз айтқан көсемдерінің алдында шешілген. Шешендердің айтқан құнарлы сөздеріне жұрт ұйыған, бағынған. Мәселен, шешен-би сөздерінің мазмұны өмірді кеңінен шолып, тереңнен қамтығаны байқалады. Бұл тұста шешендер аз сөйлеп, көп айтқан. Естіген-білгендерін көңілге молынан түйіп, өз сөздерін көпті әділдікке сүйрей, тұжырымды етіп, тәлім-тәрбиелік мәнін өсіре, жауыздықтан аулақтата, жақсылықты үлгі ете, сөз тыңдаушыларды жетелей сөйлегені айқын да анық көрінеді. Өз тұсында Өз Жәнібек ханның «Қазағым қазу-ақ екен, жүрегі таза-ақ екен» деген мақалға айналған сөзі тегін айтылмаса керек-ті.

Халықтық мол мұраға үңіле келе байқарымыз, көптің басына қауіп төніп, ел шетіне жау тақалған замандарда, болмаса елмен ел егесіп, қару күшін сарқып, көп сөзге

салған күндерде, не болмаса, хандардың қаталдығы, білегі жуан белділердің әділетсіздіктері шектен асып, қауымның қабырғасына батқандай кездерде шешен-билердің елдік мәні бар ем сөздері ондайларға тойтарыс беріп, енді қайтып беттетеітіндей еткен көрінеді. Бұған қалай таң қалмассыз!..

Қазақ елі талай жауларымен жағаласып, көп қиыншылыққа кездесіп отырғаны мәлім. Сол күндерде елге ақылшы болып, батырлармен бірге елдің елдігін, бүтіншілігін, намысын қорғасқан да – осы сөз иелері – шешен-билері. «Өз Жәнібек заманында қазақта екі-ақ түрлі кісі болыпты, бірі батыр, бірі – би» деу де осыны дәлелдейді. Біле білсек, батыр болып қол бастау, көсем болып ел бастау қалай оңай болсын! Осының бәрінен де ел тағдырын шешерлік сөз бастау оңай емес. «Жауластырмақ жаушыдан, елдестірмек елшіден». Ел тағдырының қылыштың жүзімен де, шешеннің сөзімен де шешілетін кезі болады. Айтылған сөз атылған оқпен тең, оны қайтып ала алмайсың, байқап сөйлегенге не жетсін! Дәлдеп атып жауды өлтіруге де боларын, дәлдеп айттып көндіруге де боларын білген дұрыс! Мұндай ел-жұрттық, мемлекеттік маңызы бар мәселелерді шешуде, кемеліне келтіріп айтылған шешен сөздер ертеде өткен талай халықтардың тарихи өмірлерінде көрнекті орын алады. Тарихтан мәлімі, шешендер сөздері талай ауа жайылып, айырыла көшпек болғандарды да қайта табыстыруға үлкен сеп болған. «Бөтен елде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол!»; «Ер туған жеріне, ит тойған жеріне!» деп, елдің тұтастығын, татушылығын көздеген шешен-билер ел-жұртын, туған жерін, отанын сүюді, қадірлеуді кімге болса да үлкен міндет еткен. Демек, ұлы шешен-билерге осындай аса күрделі, елдік мәні бар дау-шарларды шешу жүктелгені айқын. Бұл тұста тек сөзге шебер болу емес, мұндай билер терең ойлы, көптің сынынан өткен болып келеді. Өздеріне де, өзіндей өзге билерге де қатты сын көзімен қараған. Сөйлер сөзге шешен, ақылға жүйрік келіп, топтан үздік шыққандар ғана жүлдені даусыз алып, көпке үлгі болған. Шешен сөз жалпы бұқараның қарым-қатынасына, оның салт-санасына жетекшілік жасауда, елді ынтымақтастырып, дәнекер болуда үлкен орын алған. Шешен сөз, біріншіден, көбіне егескен екі елді келістіру, орынсыз қылықты, зорлықты әшкерелеп көрсетіп, теңдестіру жөнінде айтылған. Бұл ретте шет ел хандарына қарсы айтылған елшілік сөздер де кездеседі. Екіншіден, қазақтың өз ішіндегі хан, сұлтандардың, мықтылардың әділетсіз істерін көрсете, ондайды тоқтата, жөн сілтей сөйлеген сөздер; Үшіншіден, ел ішінде болған ру, ата, ауыл-аймақ араларында болған құн дауы, жер дауы, жесір дауы, барымта, екі адамның арасындағы талас-тартысқа айтылған билік сөздер; Төртіншіден, топқа, алқаға, жеке адамға айтқан үгіт-насихат, ақыл сөз ретінде келеді; Бесіншіден, данагөй шешендердің өмірге көзқарасын білдіретін, батагөй болжалды сөздері; Алтыншыдан, жай әзіл сөздің шебер айтылған түрі болып та келеді...

Бір ғажабы, атақты шешендер өзінен бұрын өткен сөз иелерінің айтқандарын, істегендерін үйреніп алуды міндет санаған. Сол ертеден келе жатқан ескі жолдың өз заманына жарамды жақтарынан таймауға ұмтылған. Елге қадірлі данагөй ақылшы шешендерден үлгі алып, жол үйрену, сөз үйрену кейінгі жас шешен-билерге міндет секілді болған. Құптарлық тектіліктің анық өнегесі осы емес пе!..

Абат ҚЫДЫРШАЕВ,
педагогика ғылымдарының докторы, профессор, академик
Жасмин ҒАЙСА,
филология факультетінің 4-курс студенті
(«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы, ҚТӨ-41-топ)

2026 жылдың 23-24 сәуір аралығында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде Ұлы ақын Мұқағали Мақатаевтың 95 жылдығына арналған «Мұқағали жыры – жүрек үні» атты өткізілген мерейлі ХХ облыстық «Жас дарын» шығармашылық байқауы кең көлемде ұйымдастырылды. Байқаудың мақсаты - 10-11 сынып оқушылары және педагогикалық, өнер колледждерінің бітіруші түлектері жоғары оқу орнында білімін жалғастыру үшін, үздік шығармашылық жұмыстарымен, би және музыкалық орындаушылықпен көзге түскен дарынды жастарды М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетіне тарту, жоғары кәсіби білім беру. «Жас дарын» шығармашылық байқауына мәдениет және өнер факультетіндегі 14 өнер бағытындағы білім беру бағдарламаларының номинациялары бойынша талантты оқушылар өз өнерлерін ортаға салды.

«Жас дарын» - жас өнерпаздарды танытатын алаң

Байқау жоғарғы деңгейде өтті. Батыс Қазақстан облысы бойынша 10 ауданнан, 2 облыстық мектептен өнерпаз оқушылар, сонымен қатар, Ақтөбе қаласындағы музыкалық колледжысынан оқушысы қатысты. Екі кезең бойынша өткен облыстық байқауға мәдениет және өнер факультетінің тәжірибелі профессорлық-оқытушылар құрамы, ҚР еңбек сіңірген артистері, Халықаралық, Республикалық байқаулар мен фестивальдерінің жүлдегерлерінен құралған қазылар алқасы төрелік етті. Нәтижесінде қазылар алқасының шешімімен номинациялар бойынша 1,2,3 дәрежелі дипломдарға өнерлі оқушылар ие болып, университет білім беру бағдарламаларына жолдама алды және сыйлықтар табыс етілді:

«БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ» номинациясы
1-ші Дәрежелі Диплом
Дана Утегелиева – Бәйтерек ауданы
2-ші Дәрежелі Диплом
Зарина Сапиолла – Казталов ауданы
Гүлназ Есмағзомқызы -
Бәйтерек ауданы
3-ші Дәрежелі Диплом
Раушан Манарбекқызы -
Теректі ауданы
Данара Имангалиева -
Бәйтерек ауданы
Ералы Байсен – Ақжайық ауданы



«СӘНДІК ӨНЕР» номинациясы
1-ші Дәрежелі Диплом
Санжар Бисенгали – Бөрлі ауданы
2-ші Дәрежелі Диплом
Айша Сандыбек - Теректі ауданы
3-ші Дәрежелі Диплом
Айриза Нәси – Бөрлі ауданы Ақсай қ.
Жәнерке Нұрлыхан - Бөрлі ауданы Ақсай қ.
Айсауле Абешова - С.Сейфуллин ат.№11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей интернаты

«КИИМ ТІГУ ДИЗАЙНЫ» номинациясы
3-ші Дәрежелі Диплом
Дина Исенгалиева - Бөрлі ауданы Ақсай қ.

«ФОРТЕПИАНО» номинациясы
1-ші Дәрежелі Диплом
Анастасия Гужва – Ақтөбе қаласы (А.Жұбанов атындағы музыкалық колледж)

«ҚОБЫЗ» номинациясы
2-ші Дәрежелі Диплом
Аружан Жасталапова –
Бөкейорда ауданы
3-ші Дәрежелі Диплом
Назлы Утепова – Бәйтерек ауданы, Қушум ауылы
«ХАЛЫҚ ӨНІ» номинациясы



2-ші Дәрежелі Диплом
Жандаулет Тілеген – Жаңақала ауданы
«Домбыра» номинациясы
1-ші Дәрежелі Диплом
Бахтияр Кабулов – Теректі ауданы
2-ші Дәрежелі Диплом
Кәусәр Жандосқызы - Жаңақала ауданы
3-ші Дәрежелі Диплом
Нұрберген Абай – Сырым ауданы, Бұлан ауылы

«ВОКАЛДЫҚ ӨНЕР» номинациясы
1-ші Дәрежелі Диплом
Аружан Заинова – Асан ауылы
2-ші Дәрежелі Диплом
Әсемгүл Амангелді - Бәйтерек ауданы
3-ші Дәрежелі Диплом
Саян Бекболат - №19 ЖОББМ
Ермұханбет Алибек – Қаратөбе ауданы
Қуаныш Мейрамбекұлы -
Қаратөбе ауданы

«ХАЛЫҚ БИ» номинациясы
1-ші Дәрежелі Диплом
Арайлым Нұрболатқызы –
Казталов ауданы



2-ші Дәрежелі Диплом
Наргиза Нәфтулла - Бәйтерек ауданы, Қушум ауылы
«Шабыт» би тобы - Бәйтерек ауданы, Мичурин ауылы
«Заманауи биі» номинациясы
1-ші Дәрежелі Диплом
Арина Степашкова - Бәйтерек ауданы, Мичурин ауылы

«МӘДЕНИ –ТЫНЫҒУ ЖҰМЫСЫ» номинациясы
1-ші Дәрежелі Диплом
Ернар Шәриполла – Жаңақала ауданы
2-ші Дәрежелі Диплом
Дана Табылды - Жаңақала ауданы
3-ші Дәрежелі Диплом
Есболат Жасталап – Сырым ауданы, Бұлан ауылы
Жанерке Утепбергенова –
Казталов ауданы, Қайыңды ауылы
Саят Рысқали – Сырым ауданы

«ТЕАТРЛЫҚ ӨНЕР» номинациясы
1-ші Дәрежелі Диплом
Еркенже Әлібекұлы – Теректі ауданы
2-ші Дәрежелі Диплом
Махаббат Шаймардан -
Бәйтерек ауданы
3-ші Дәрежелі Диплом
Айназ Бақытөва - Казталов ауданы, Қайыңды ауылы
Мансур Нұржанұлы – Жаңақала ауданы
Лаура Орын - Қаратөбе ауданы



Қатысушылар университеттің кітапханаларымен, спорттық кешендерімен, шығармашылық шеберлік орталығымен, факультеттегі аудиториялармен, дыбыс жазу студиясымен және университет білім беру бағдарламаларымен танысты. Байқауға оқушылар жақсы дайындықпен келген. Атап айтсақ, «Домбыра» номинациясы бойынша Теректі ауданынан келген Бахтияр Кабулов, «Халық биі»



номинациясы бойынша Казталов ауданынан келген Арайлым Нұрболатқызы, «Театр өнері» номинациясы бойынша Теректі ауданынан келген Еркенже Әлібекұлы, «Мәдени-тынығу жұмысы» номинациясы бойынша Жаңақала ауданынан келген Ернар Шәриполла, «Вокалдық өнер» номинациясы бойынша Асан ауылынан келген Аружан Заинова, «Фортепиано» номинациясы бойынша Ақтөбе қаласындағы А.Жұбанов атындағы музыкалық колледж оқушысы Анастасия Гужва, «Сәндік өнер» номинациясы бойынша Бөрлі ауданынан келген Санжар Бисенгалидің өнері бағаланып, үздіктер қатарынан көрінді. «Жас дарын» байқауы 6B02111 Мәдени-тынығу жұмысы ббб-ның білім алушылары үшін шығармашылық бағытта тәжірибелік дағдыларын дамытушы фактор ретінде қарастырылып, зертханалық жоба үлгісінде іске асырылуда. Байқауды ұйымдастыру барасында білім алушылармен бірге режиссура, хореография және мәдени-тынығу жұмысы ббб-ның аға оқытушылары, магистрлар Р.С.Абуова, Г.Е.Жумағалиева, оқытушы магистр Н.Н.Жұмен, МТЖ-41 тобының студенті Р.Қ.Демеуова белсенді ат салысқанын атап өтуге болады. Мерейлі ХХ облыстық «Жас дарын» шығармашылық байқауына оқушылардың қатысуына жағдай жасап, қолдаған аудандық білім беру басқармасының басшыларына М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің басқарма төрағасы - ректор, профессор Серғалиев Нұрлан Хабиболлаұлының атынан Алғыс хаттар табыс етілді.

К.Д. АЙТКАЛИЕВА,
режиссура, хореография және мәдени-тынығу жұмысы БББ-ның жетекшісі, өнертану кандидаты, ҚР Мәдениет саласының үздігі

РЕДАКЦИЯҒА КЕЛІП ТҮСКЕН МАТЕРИАЛДАР ӨНДЕЛЕДІ. ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӨЛДІГІҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:
М.Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан
университеті.
Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.
ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 04.03.2021ж. қайта есепке алу туралы №КЗ27VPY00033105 куәлігі берілген.
Таралымы 800. Тапсырыс № 120

РЕДАКТОР: Мейірман ЖАНҰЗАҚОВ
ТІЛШІЛЕР:
Аружан ҒАЛЫМЖАНҚЫЗЫ, Айым СЕРІК,
Аяру БЕЙБИТҚЫЗЫ

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:
Асель АБДУЛЛИНА

ФОТОСУРЕТ:
Қоғаммен байланыс және имидждік саясат бөлімі

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді.

«Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды.
Мекен жайы: Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 27/3.
тел.: 50-51-48, 51-41-99